

Маніхүр Жұсін
Хонеңұлғы

қазақ
шешкірессі

Машиүр Жұсіп
Жөнәйұлы

қазақ
ШЕЖІРЕСІ

Араптың хадим жазуынан бүгінгі жаңа әліпбиге
түсіріп әзірлеген — СӘРСЕНБІ ДӘУІТҰЛЫ



АЛМАТАЙ «ЖАЛЫН» 1993

ББК 84 Қаз 7-44
К 68



К — 4702250101—047
408(05)93 92

ISBN 5—610—01171—X

© Мәшіүр Жұсіп Қөпейұлы, 93

АЛҒЫСӨЗ

Мәшһүр Жүсіптің шежіресін оқушыға қаз қалпында ұсыну көптен бері көкейімде жүр еді. Алайда арап қарпінен хатка түсіріп, ретке келтіру көп қыныңдық тудырды. Ғұлама ғалымның бұл шежіресі «Қараместің»¹ бес-алты қолжазбасында кездеседі. Бірінде жазылғанын екіншісіне қайта жазғанда бірер азыз немесе өлең жолдарын, болмаса бір сенімді адамнан естіген қанатты сөзді қалдырмай дәптер бетіне түсіріп отырған. Бұл шежіренің бастап жазылғанына жүз жиырма жылдай болған, бұрын еш жерде баспа бетін көрмеген, қолжазбаның кей сөздері өшкен, кей түстарының оқылуы қын...

Бір қызығы, Мәшһүр Жүсіп шежірені жадағай атана тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырга байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күші туралы азыз-әңгіме, жыр, күй, тақпак болса, соны қалдырмай жазған. Әсіре-се, жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп, дәлелді ойымен түйіндел, таратып айтып отырыпты. Аса зерделі жанның осы асыл қасиетін терең сезінген Мұқтар Әузев: «...Әз шығармаларын былай койып, басы азық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөліміндегі Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», — деп жазған екен.

Мұқтар Әузевтей Мәшһүрдің қадір-қасиетін соншама терең түсінген қазақ аз шығар деп ойлаймыз. Өйткені Мұқаңың өзі Асан Қайғы, Жиренше шешеннен бастап, мақал-мәтел, тұрмыс-салт

¹ «Қарамес» — Мәшһүр Жүсіп көл-көсір қолжазбасын үлкен қара местің ішіне салып сактапты. Осы себепті ол кісінің қолжазбаларын жүрт «Қарамес» деп атаған.

жырлары дейсіз бе, эпос, лиро-эпос дейсіз бе — бәріне қалам тартқан ғұлама ғой. Әсіресе М. Эуезовтың ауыз әдебиетімізді тегінен түріне қарай ажыратып, әрқайсының аныктама беруі, оларды ішінде топтауы ғажап күбылыс. Мұқаңтың төл әдебиеті-міздің саф алтындағы қорына жан-жакты зерттеу жүргізе отырып айтқан ғылыми пікірі өзінің нақты шындығымен қымбат.

М. Қөпейұлының ел аузынан жинаған баға жетпес қымбат дүниесін тұтас ақтарып, жете зерттеген Сәбит Мұқанов әсіресе оның шежіресіне қатты қызықкан. Соның ішіндегі аңыз-әңгімесіне, тосынан айтылатын тапқыр сөздер мен өткір қалжызына дең қойып, көңіл белілті: Ол: «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры көп сакталғаны — Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтағ, тарих алдында ерекше еңбек сінірген адам — Мәшінур Жүсіп Қөпейұлы. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшінур Жүсіп. «Мес» жинағына қарасаң, көңіліц тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Әсем көшірілген колжазба Мәшінур махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сактауға тырыскан» — деп Сәбен ағынан жарылса, біз де үлкен жазушының дәлелді пікіріне қосыламыз.

М. Қөпейұлының шежіреде Төле би мен Едіге бидің арасындағы әңгімені қысқаша баяндап бергені әрі қызық, әрі тартымды. Едігеп Төленің аулын көріп: «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның жерін жау араламайды», — деген осы екен-ау деп қызыпты. Сонда Төле би Едіге бидің адамдарына қарап:

— Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен? Алмасың болса мойным бар, асылың болса койным бар. Бұ сөзімді ойлай бер, — деп аяғын баса бергенде, Едіге:

— Ақсақал, кішкене мойныңды бұрыңыз, киіз кімдікі болса, білек сонықі, ауыз кімдікі болса, сөз сонықі, шыққан жеріне қайта сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден! — депті.

Бұл екі бидің терең толғамының қысқаша мән-маңызы: Едіге елінің бітпей жүрген ескі дауы бар екен. Соның бұрын талай билер келіп бітіре алмапты. Он төрт жасар бала би Едіге ердің құнын екі-ак ауыз сөзбен тәмамдал, екі елдің арасын жараптырыпты.

Мәшінур Жүсіп ел қамқоры, құндіз-тұні жарғақ құлағы жастықта тимей халықтың қамын, жоқ-жітік, жетім-жесірдің жағдайы ойлайтын панаңы болған Төле бидің жүртка егін салдырғаның жоғары бағалап, былай депті: «Қайда атақты асқан бай бар болса, Наурызды сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурыздың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен» — десе, бұл пікірі басқа да айтылған шежірелер мен жазбалардағы деректерге сай келеді.

Аскан шешендігімен ел ішінде аты ақызға айналған Едіге бидің бір-екі әңгімесін Мәшһүр шежіресінен келтіре кетейік:

«Жарқырап жаз, күркіреп көк шығысымен ат қара тіл болды десіп, Едіге би аттанып, біrsыптыра кісімен Тоғас бидің еліне барды. Қым-куыт, шым-шұыт, азан-қазан, у-шу болып жатқан жүрт жайын сұрады.

— Елімізде қаһарлы Жәңгір атанған ханымыз бар еді. Сол ханымыздың жалғыз баласы жардан құлаң, жайрап қалғанына бүгін сегіз күн болды. «Мен қандай зарлап қалған болсам, жан-жануар, мал да мендей зарласын», — деп жаңа туып жатқан жас төлді өзеніңіці бір жағына, енесін өзенніңіці екінші жағына қаматып, иіртіп, сегіз күн, сегіз түн бойы мал баласы жамырамаганына қарамай хан өзі теріс қарап жатып алды.

— Ханның өзі құдайдың құлы, Мұхаметтің үмбеті ме? — депті Едіге.

— Құдайға құл болмаған, Мұхаметке үмбет болмаған жан бола ма? — деп жауап қайрыпты.

Ертеңгі күннің таңы атып, күні шыкты. Жәңгір ханның үйіне барысты... Хан тыбыр етпей жатыр. Соңда Едіге шарт жүгініп отырып, сөйлей жөнеліпті:

— Ақсұңқар үшты үядан,
Кол жетпейтін қиядан.
Тұяғы бутін тұлпар жоқ,
Қияғы бутін сұңқар жоқ.
Тұлпардың тұяғы
Тасқа байласа кетіледі,
Суга байласа жетіледі.
Теректен — бұтақ,
Теңізден — көбік!
Ақсұңқар әуелеп аспанға үшты,
Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.
Хан, саған құдайдың бір жабдығы түсті,
Мойның жуан көтересің,
Күшті көтермегенмен, қайтесің!
Оны алған Құдай
Одан да күшті,
Бұдан да күшті,—

дегенде, хан басын көтеріп, көзін ежірейтіп Едігеге қадалып карай қалды.

— Қозтаңбалы аргында Едіге деген бір жас бала бар деп естуші едім, солмысың, басқа біреумісің, өзінді танытшы, — деді.

— Болсак, болармыз, — деді Едіге.

— Айтқан аузынан айналайын, сені тапқан қатыннан айналайын.
Көтере алмай жатқан басымды көтерттің, енді өзімді біржолата
тұрғызып кетші,— депті. Сонда Едіге:

— Сенің бұл қайғың
Жылған көптің тобында қалады,
Түзу мылтықтың оғында қалады.
Жүйрік аттың түяғында қалады.
Кыран құстың қияғында қалады.
Жыландаі шіріліп,
Құйындаі үйіріліп,
Аққан судың бойында қалады.
Ақ маралдаі керіліп,
Аяғын бір басуға ерініп,
Ыргала басқан сұлудың
Койнында қалады.
Өлім деген, шіркін, өрт емес не,
Осы айтылғандар
Оны сөндіретін су емес не?!
Ит өз құйрығын өзі көтеріп журмесе,
Оның құйрығын кім алып журмек дегені,
Адам өз көңілін өзі көтеруге керек,
Дегені емес не?!

дегенде, хан орнынан ұшып түрегеліпті,— десе, Мәшекеннің көкірегі
қандай жарық еді, журегі қандай нәзік еді. Өйткені осы қысқа ғана
уақиғада қаншама өмірдің қатпар-қатпар қайшылығы мен терең
сыры жатыр.

Мәшекен қазақтың салт-дәстүріндегі бір қызық жағдайды еске
салып кетеді. Ол егер бір азаматтың ұл баласы болмай, кілең қыз
болса, артынан жиендерін асырап бала қылып алу мәселесі. Бұл,
әрине, «шанырақ иесі болмай калды» деп қатты қайғыратын біздің
ағайындарға таптырmas олжа. Мәшһүрге сөз берсек: «Есен — Бозым-
ның Есенінен ерген тұқым жок, Есеннің жеті қызы болған. Жеті
қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір баладан асырап алып,
бала қылған»,— десе бұл да халқымыздың есте мықтап ұстар асыл
қасиеті. Мұхамет пайғамбардың өзі: «Қызды балам демеген — менің
үмбетім емес»— депті ғой.

Көпей баласының шейкіресінде Абылай хан, Төле би, Қаздауысты
Қазыбек, Қабанбай, Бөгенбай, шанышқылы Бердіқожа, Ұлбике,
Шернияз сиякты шашасына шаң жүқпайтын жүйріктер жан-жақты
сөз болады. Осы еңбекте Дос батырдың ұрпағы жайлы тәлім-тәр-
биелік мәні бар мәлімет ұшырасады: «Дос батыр болған. Қалмаққа
таң атырып, күн шығармаған. Жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы
Кожаназар екеуі қолға түскен. Сонда қалмақ «өлтіріп тастайық»

деп сыбырласыпты. Сол сыбырласқаның құлағы шалып қалған Дос батырдың айтқаны:

Сыбыр, сыбыр етеді,
Сыр құлақтан өтеді.
Сырласпаған жат, шіркін!
Өзім өлсем боғым-ай,
Кожаназар құлыным-ай,—

деп жылайды дейді. Қалмақ мұнысын көрген соң, «әкелі-балалы өзді-өзі кеңессін. Бірін бізге олжага қалдырысын, бірін еліне баруға босаттық», — депті. Сонда бала үшіп тұрып жылап қоя беріпті: «Әкетай-ай, мен лағың болайын, мені құдай жолына құрмалдық деп қалмаққа бер де, ел-жұртыңды таба гөр.

Сақалыңның ағында,
Өлеріңнің шағында.
Қалмақтың моласында қалмай,
Қазақтың даласына барып қала гөр», —

депті. Дос батыр айттыпты: «Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру:

Қаздың етін асадым,
Жетпіс сегіз жасадым.
Сені қалдырып мен елге барсам,
Екінің бірі, егіздің сыңары айтады,
Алысым былай тұрсын, жуығым айтады.
Дүшпаным былай тұрсын, досым айтады,
Мына жалмауыз талайдың басын жалмаган
Жалмауыз емес пе,
Жалғыз баласы Қожаназарды жалман,
Ұялмай жылт етіп келуін қайтерсің,—

дейді. Сен барсан, Дос өлген жоқ, міне тірі деп куанады. Катын алсаң, балалы болсаң, сенен туған бала менің құнымында күндердің күнінде бір алмай қоймайды», — деп батасын беріп, баласын қайрып жіберіп өзі қалады» — десе, қазіргі күндері өз ата-анасын қарттар үйіне өткізіп жатқандар үшін үлкен сабак емес пе...

Осы азғана үзіндіде әке мен баланың арасы, дос пен қастың арасы, жақсы мен жаманның арасы, өз елі мен кісі елінің арасы тайға таңба басқандай ашық, айқын. Эсіреле тұтқындағы екі жақын адамның бірін-бірі қия алмай, туған елге «сен бар», «жоқ: сен бар» деп жол беруі — бұл біздің қасиет орнап бақ қонған ата-бабаның асыл дәстүрі.

Сол Дос батырдың айтқан сөзі айнымай келіп, Қожаназардан туған немересі Жидебай батыр болып, қалмактан атасының кегін

мықтап алды. Жетім өсіп жасында қаншама бейнет көрсе, картай-ғанда рақат көріп, Жидебай батыр Абылай ханның ең сенімді колбасшысының бірі болыпты.

Бұл жағдай біздің жас жеткіншектерді өткенімізді қадір-күрмет тұтуға, бір Алланы, әулие-әмбиелерді қасиеттеуге шақырады. Ата-бабамызда бұрын жақсылар мен жайсандар көп болған. Бір кунде он рет ұрыс майданына кіріп жауды жапырған Қарасай батыр, үш жүзді аузына түгел қаратқан Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Әйтекелер осындай биік жандар. Бұлардан басқа Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай, шанышқылы Бердіқожа сияқты аскан батырлармен бірге, Нұрфая әжеміз бен Қарқабат әжеміздің де ғажайып аблал адам болғаны жөнінде бұл шежіреде мәліметтер жеткілікті.

Халқымыздың барлық тірлігі төрт түлік малға байланысты болғандықтан осы еңбекте енші алысу, қыстау, жайлау бөлісу, мал отарлату, сол малға байланысты билік айту мәселесі де аз жазылмаған.

Біздің елімізде «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген атала сөз бар фой. Ата тегін білмеген кешегісін білмейді, өткенін байып-тамаған — ертеңін ойламайды. Сол үшін тарихымызды жастарға жан-жақты үғындыруымыз керек. «Сондықтан халқымыздың өмір жолын, хандарымыздың ізгі іс-әрекеттерін, билер мен шешендердің қанатты сөздері мен әділ төрелігін жүртішілікқа тұтас жеткізуге тиіспіз.

Тарихта не болмайды, ейткені ол ұзақ өмір фой. Алайда біз шындықтың бетіне жасқанбай тік қарауымыз керек. Кешегінің мықты жері де, осал тұсы да бізге ауадай қажет. Жақсы болса несімен болды, жаман болса қандай жағдайда сол жаманышлыққа үшіндарды? Екеуі де сабак, екеуінен де үйренуге тиіспіз. Аса үлкен ойшыл Шәкәрім қажы: «Шыннан өзге құдай жок», — десе біздің беріміз де осы деңгейде табыссак, нұр үстіне нұр болар еді.

Сәрсенбі Дауітұлы,
филология ғылымының кандидаты.

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылشاқ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, қеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуыменен қеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өситет қалдырған.

Біздің қазақта шежірені басқа жүрттап ақтарып, таптырып алған кім екендігін сөйлейік! Қазақ қазақ болғанда бұл қазақта хажыға ілкі бастап барған уақ Нұркен бай. Тоқал қатынымен барып, төрт жыл жолаушылықпен жүріп, бесінші жылда қайтып, аман-есен еліне-жұртына келген.

Сол Нұркеннен соң екінші хажыға баруши күлік Самай сопы мен Баянаула дуан болып, ашылған кезде, ноғай Байжан хазірет екеуі болған, екеуі де сол жақта елген. Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Мың сегіз жүз елу сегізінші жыл болса керек. Осы сөзді жазып стырған Мәшһүр Жүсіп дәл сол жылы туған бала. Осы күнде жетпіс жаста отыр.

Бұл қазақтан үшінші хажыға барушылар тобықты Құнанбай, айдабол Қиышыл Қыстаубай, Ақмоладан, Ақкүм-Косқопадан Шекшек хажы, Атбасардан Егізек, Жанайдар. Есіл бойындағы құлан қыпшақтан Шонтыбай, Батырқожа молда балалары, Сілеті бойындағы қыпшақтан Құрман баласы Қасен қажы, Мәмбет тоқадан Ұзынсазан үрпағы Мұхамет Салық хажы. Өр Ал-

тайынан Алдажұман немересі Ешмұхамет хажы. Ертіс бойындағы Апайбөріден Құдияр хажы, Қекшетаулық атығайдан Қожағмет хажы. Егізек Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа хажы, Қиышыл Қыстаубаймен бірге барған Жәмекқожа, Байзолда ишан, бұларды қалдырмай жазып жатқаным, тірі қайтып келгендерінің бір сыйырасымен ауызба-ауыз сөйлесіп, мән-жайына әбден анық болғандығымды түсіндіру үшін. Орта жүзден жиырма кісі болыпты. Қіши жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ишінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халфе бар дейді.

Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып хажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр таптың қасқа-жайсаны болғандықтан көргендер таңырқарлық болыпты. Қазақ байғұстың салпиған тұмағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын көрген соң, көрген қызығып, сұқтана бастайды ғой.

Ноғай өкілі мен сарт өкілі таласыпты. Ноғай өкілі бұлар маскүптік, мен де маскүп кісісімін деп. Сарт дәлелі бұлар Бұқар тіл, мен де Бұқар тіл кісісімін деп. Меке бастығын шәріп, Медине бастығын шайхы дейді екен. Екі Шәріптің шәріптері, шайхылары бас қосып, алдарына алдырып сұрапты:

— Сіздер маскүпсіздер ме, жоқ Бұқар тілсіздер ме деп. Соңда хажы басы Құнанбай екен, ол кісі сөйлепті:

— Біз маскүп-сасқұбінді білмейміз, Бұқар тіл, сұқар тілінді де білмейміз. Тіріміздің билігі «алдияр» ұранды төреде, өліміздің билігі «алла» ұранды қожада. Қазақ деген жұрт болады екен-ау деп аң-таң қалысыпты. Тарих актарып, шежіре қаратыпты, таба алмапты. Бір буырыл бас сөйлепті:

— Бұл тарих табылса Бағдат шәріпте Имам ағзам кітапханасы деген үй бар. Жау таламағын, ешқайда шашылып бытырамаған, табылса соナン табылады деген соң Бағдат шәріпке желмая мінгізіп, кісі жіберіпті. Бұлар өз ортасынан кіші жүз Досжан халфені жіберіпті. Барған кіслер:

— Табылды, қазақ деген жұрт Анас сахабадан өсіп-өніп өрбіген екен деп, нұсқа көшіріп алып келіпті. Соナン кейін бұл жүз жиырма кісі оргасынан расход шығарып: «қазақ тақиясы» деген тақия салдырып, ол үйді Құнанбай атына жаздырып, мұнан былай қазактан

келген хажы осында түсетүғын болсын деп, қазақтың өзінен ие болып бір шайхы тұратын болсын деп. Соңан былай қазақ та ел-жұрт екендігі, фұсырман екендігі әйгіленген.

Бұлардың хажыға барған жылы, баяғы жұт қояннан бұрын, қаракиік жылы еді. Қишил хажы хажыға кеткенде қатыны буаз қалып, ұл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебай тірі, елу үш жасқа аяқ басты. Баянаула, Қызылтау жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Тінике, Шолак, Сілетіге кетіп, қара мал семіз, күйлі шығып, мал мен мұзды атанды деп, сол қыс жағында екінің бірі, егіздің сынары біліп, сөйлем отыруши еді. Бұл күнде алай-түлей, үйқы-түйқы аласапыран болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ. Жарым естілер шала-шарпы білгенінен айрылып қалды.

Құнанбай хажының хажыға барған жылы 1874-інші жыл. Өзінің өлгені 1888-інші жыл. 81 жасында, тауық жылы өлді. Бұл Мекедегі «тация» әуел Құнанбай атына жазылған, арғын атында болғандықтан Орманшыдан барған Хасен шайх даулап алған. Онан кейін тоқал арғыннан барған Ешмұхамед даулап алған. Бұл күнде кіші жұз Досжан халфе атына жазылып қалыпты.

Қазақ көсемі Мәліктің әкесінің аты Нәзір екен. Ерте заманда бұрынғы ата-бабаларымыз:

— Біз Ақкөсө сахабадан екенбіз деп жүрді. Біреуден біреу естіп, айтулары бойынша пайғамбар дүниеден қайтқаннан кейін әзіреті Өмар халфе күнінде жетпіс мың сахаба аттандырган екен. Алатау, Қаратауда «Мыстанкөз» деген кәпірдің жұрты бар. Соларды фұсырман қылмай қайтпандар деп, содан бытырап, бөлек-бөлек кетіп, төрт мың төрт жұз қырық төрт жыл жасаған Анақбар атанған сахаба Бұқараға жиырма төрт шақырым жерде шәйіт болыпты. Қайсысын таусыып сөйлейін, Ақкөсө, Имам, Бабыр, Құттықожа, Аққояндар Қаратауда шәйіт болып, молалары Қаратауда бұл күнге шейін әлі жоғалмаған. Имам Бабыр Қарнакта. Ақкөсө Қарнакқа жақын бір сайда. Бұл күндегілер Домбы Ата деседі. Қәпірлер басын кескенде кесілген бас домалап Меке, Мединеге қашады. Қөп ұзамай бір тесікке түсіп кетеді. Сол тесікten су тасып шығып, кәпірлерді сел қантап, су ағызып набыт қылады.

Сол бастың түсіп кеткен жері бұл күнге шейін тесік, зират қыла барғандар беліне арқан байлап кісі түсіреді. Сол түскен кісінің айтып шығуы қып-қызыл қиятас дей-

ді. Су күнің батысына қарай ағып жүре берген. Жағалап жүре берсе, кісі жүре берерлік құрғақ жол дейді. Жарық сәуле жоқ, шаммен журмесе жүре алатуғын емес дейді. Жоғарғы жағының биіктігі кісі бойы дейді. Мұз болып қатқан сұңғы бар дейді. Қолмен біреуін алса, түбімен қопарылып қолға келеді дейді. Қойнына салып жер үстіне алып шығады, тас болып қатып қалауды. Біреуден естіген сөз емес, көзбен көріп, қолмен ұстап айтқан сөз. Бұрынғы заманда бір диуана сол суға таяғын тастапты. Сол таяғын іздеп Мекеге барыпты, барса таяғы сондағы жандардың қолында жүр дейді. Зәмзәм шәріптен алдық десіпті. Қырым жұрттынікімін, осы Ақкөссе үрпағымен деп Габдолмұхамет деген бір семіз әпенде үстіне күмбез тұрғызды. Бұл жарты денесі дейді, жарты денесі суда қалған, үят жерін жұрт көзінен жасыру үшін дейді. Өзіміз нандық, нанған үшін жазып отырмыз, аяқ жағы суағар, судың жолы, бұрынғы ата-бабаларымыз:

— Мынау Ақкөссе сахаба бабаңың моласы деген соң, бабамыз деп, біз сонын рұм-бұтағымыз деп кеткені сол екен. Қазак түбі Анастан екен деп, тобықты Құнанбай, кіші жұз Нұрпейіс хазірет айтып келген солар.

Біздің айтатұғынымыз естіген құлақтың жазығы жоқ. Басқа жүртттан шығып, тарих жазушылар кайдан шығып, қайда барып ұшырасарынды білмейді. Анас пен Мәлік хазіреттері арап. Қазақ өзін араптан шығарып, туғызып, пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді дейді. Мына мен, Мәшін Жүсіп Қөпей баласы осы сөзді жазып отырмын! Бақсыдай бал ашып, тұлкідей түс көріп, жаурын жағып, құмалақ салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтан естүмен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындал, тындал айтып отырмын. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Арап тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазағ» деп жазылған, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған. Әуел басы Нұх пайғамбардан тарап белінгенде Жаппас деген баласынан түрік, онан тұтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, онан мағол татардың мағолынан Қара хан, онан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі. Киіз туырлықты қазақ, уыз үйлі атапғандығы сондықтан.

Ол Уыз хан балаларына Күн, Ай, Жұлдыз, Кек, Тау,

Теңіз деп ат қойған. Қазақ күні бұл күнге шейін сол аттардың ізіменен келеді. Айдың басында туғанының Айбас, таң ата туса Таңатар, күн шыға туса Құншығар, түн ортасында туса Тұңқатар, көлде туса Қөлбай, тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлайбай, қыстауда туса Қыстаубай, Құзекте туса Құзек Ұыз ханнан қалған өрнек-үлгі.

Түріктен тоғыз атаға шейін хандығым үзілмей келді деп, киіт те тоғыз... күн да тоғыз, осы тоғыз-тоғыздан болетүғын жол-жоба сол Ұыз ханнан қалған.

Бейіштің қақ төрінен тимесе де,
Орын-морын тимей ме босағадан,—

деп баяғы Шәкір-Шәкірттегі кемпір-шал айтқандай. Бізге Құн, Ай, Жұлдызды қимаса да Қек, Тау, Теңізді көпсіне ме?! Қазақтың бетімен жайылған қойдай емін-еркін, өз тізгіні өзінде жүрген күндерінде қатын керек болса, ноғайлықтардың қызын еріксіз, сұраусыз алып кете бергендейктен ноғай халқы қазакты бұл күнгеше жек көріп кеткені сол, қалмақ ежелден атасының «асындар» болған.

ОРТА ЖҰЗ ТАРИХЫ

Жанарыстың екі қатыны болыпты. Бірде-бірінің бұшпағы қанамай, бізге күн көру қайда, жас істі баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез келіп, қона қалыпты:

Ой, құдай-ай!
Берді ғой бала беретүғын,
Әулиелер келді ғой.
Сыйынбасам маған серт,
Қолдамасаң саған серт,
Сарт болсаң садағам кет,—

деп алтауына алты қой сойыпты. Қір-қондарынды жудыр, аттарынды тыңықтыр. Осы қойлардың етін жеп тауыспай жібермеймін деп. Сонда қожалар мұның шын құлап, ықылас қылған пейліне риза болып, осы алтауымыз да атымызды бердік, алты ұлға ата боласың деп баталарын беріпті. Аттары Қарақожа, Аққожа, Ақтам-бердікожа, Дарапқожа, Есімқұлқожа, Қосымқожа!

Сонан соң қатындары бұаз бола бастап, бәйбішеден төртеу, тоқалдан екеу туыпты. Алтауына алты қожаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Даражоха. Қарақожадан арғын, Аққожадан найман, Ақтамберді қожадан қыпшак, Даражохадан қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлжоха, Қасымқожаның біреуінен — керей, біреуінен — уақ.

Естіген құлақтың жазығы жок, арғын апасы қыз күнінде он жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, еркек бала тауып, бұл қалай деушіге дәнеме дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан баланың аты Таракты қойылып, төре жоқта таракты төре болуға жарайды деген де сөз бар. Ит жаманы баракты, ел жаманы таракты деген де сөз бар. Қыздан туғанның қызығы жок деп арғын балаларына таракты ноқта ағасы болған, — деседі. Орта жүз тарактымен қосылып жеті арыс ел аталған.

Арғынның бәйбішесінің аты Аргұл бәйбіше. Мұнан Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған, Қотаннан Мейрам-сопы жалғыз:

Сұрасаң арғы атамды ер Қотанды,
Сұлтанбек Эзіден ол бата алды.
Мейрамұлы Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды.

Уақ Жарқын би Қотеш ақыннан сұраған екен: «Бұл ақындық ата-бабаңызда бар ма еді, нағашы тегінізде бар ма еді» деп. Сонда Қотеш ақын айтыпты:

Қазақта арғын аға болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің тұп атамыз ақын Қотан,
Өзгеден өлеңге үстін болса керек.

Осындағы сөздерден біздің Қотан деген бабаларымыз болғанын білеміз. Бұкарең айтыпты деген бір сөз бар:

Бәрімізді сұрасаң,
Қотанбайдың баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған дуасы.

Арғын тоқалының аты Момын. Бұл Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан толыбай үранды Қанжығалы, маябоз үранды тобықты. Қарасопыдан қарақай үранды қарапыл, барлыбай үранды бәсентиін! Сарысопыдан ошбай үранды атығай, он екі атанаң ұлы Дәуіт, Арықсопы, Нәдірсопыдан ұрымбұтақ — жұрағат жоқ.

Арғын бабамыз жұз алты жасында бір тоқал алған, аты Айнакөз. Оnan туған баланың атын Танбыссопы қойған. Танбыссопыдан Усенбай, Елемес, Елеместен Ериман, бұл Ериманнан Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сомжүрек! Аманжолдан Қешей, Қешейден Шақшақ батыр, Шақшақұлы Кошқар, Кошқарұлы Жәнібек батыр, Әз Жәнібек аталған, мойны бұрылмайтын, беті қайтпайтын жан болыпты. Әз Жәнібектен Дәуітбай, мұнан туған Мұса батыр, мұнан кейінгілері Бірімжан, Қазыбек, Бірімжаннан Қорғанбек, Дауренбек, Қорғанбектен Фазымбек. Шағыр Белтіріктің Бөлтірігінен Сырлыбай, Сары.

Елемеспен туысқан Усенбайдан Қарамерген, мұнан Байтажы (ауыл тілінде әнгіме болған Байтажының есепшісі-ай деген осы Байтажы екен).

Ақташы, бұғышы, байташы, тағышы, шаржетім, шақшақ десе білмейтүғын жан жоқ. Қараман, төлек, қырықмылтық дегендер де бар.

Тоқал арғын деп сөйленеді. Орынбор жакта алты болыстан асатүғын шығар. Біздікі ұзынқұлақтан естіген сөз, кем-кетік, қалған-құтқанын Майқы би аталған, Аққажақ пен Нақақ аталған інілеріміз түгелдер деп сенеміз. Біздей алжыған шал атанған ағаларын өсірмесе өшірмес, далада жүріп тебісетүғын кері кеткеннің саяғы емес едік.

Тоқал арғыннан екі Жәнібек шыққан, бірі Шақшақ Жәнібек, бірі қара балуан Жәнібек.

МЕЙРАМ ТАРАУЫ

Мейрам сопының қайны алшын Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрфая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен. Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін деп Нұрфаяның ағасының қатыны — жеңгесі еріпті. Түйенің басын же-

тектеуге бір жетім ертіпті. Қөш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел тұзге отырыпты. Жолшыбай тұзге отырған кім деп қараса, біреуінің зәрі тоңды бір қарыс айырып жіберген екен. Тұнде қойныңда жатқанда қалыңдығы Нұрфаядан сұраса, ол Қарқабат еді дейді. Ол отыра қалып күрілдеткенде қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, ат та тас-талқан болып үркеді депті. Елге келіп орнықкан соң, екі елдің арасы жау болып, қайынсіzlісін ертіп келген қатын еліне қайта алмай қалыпты. Соңан соң Нұрфая «ғамның төсі тиген жеңгем еді басқаға кимаймын, өзің ал» деп Мейрамның өзіне алғызыпты. «Мына күнді де өзің ал, жатыры асыл өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы өлсек те, тірілсек те бір жерде болайық» деп, оны да алғызыпты. Нұрфаяның өзінен Куандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен Бегендік, Шегендік туады. Күннен Болатқожа туады.

Күннің аты Қарқабат екен. Өмірінде Мейрам бабамыздың етіне сұық су, табанының астына сыз тигізген жоқ екен. Отын тергенде ку көдені көп қылып коса алып келіп, табанының астына төсейді екен. Құманды тұнде қойнына алып жатады екен. Суға түскен сайын Мейрам:

— Ой, көсеген көгерсін,— деп алғысты көп айтады екен. Бұрынғының алғыс тубі ақ май, қарғыс тубі қара қан дейтіні сондайды көргендіктен айтқан. Куандық марқа туыпты, Сүйіндік ұмытыңқырап кетіп, екі арасы тым алыс, кенже бол туыпты. Куандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп, жасаққа жараганда Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті, қатыны ұлы жұз — үйсін Өгіз бидің қызы екен дейді. Сонда бұл қызды да жеңгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай қалған екен.

Мейрам сопы ертерек өліп қалып, Нұрфая бәйбіше көп заман бес берекенің біріне қосылған бәйбіше болып, халқына ұйтқы, күт бәйбіше атанған екен. Қара мал еншісі бөлек, басқа екен де, жылқы үлеске түспеген екен. Сонда Куандық жылқыны үлеске салып, енши бөлуге келгенде өзім бір сыбаға, алты балам алты сыбаға, қара шаңыракта қалғандарына бір сыбаға депті. Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

— Мына Куандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік күшін көрсетеді. Сен маған жақтасып, жасаққа шығуға жайың бар ма? Сен маған болыссан, менің өліспей мал бергім келмейді,— дейді. Болатқожа:

— Жарайды, мен саған болысайын, мына женгенді маған қи, соңан соң, оның баласы алтау болмаң түгілі, Жақып пайғамбардың балаларындай он екі болса да маған қоя бер,— дейді.. Сүйіндік женғесін Болатқожаға тигізбекші болды. Куандыққа кісі салды:

— Тұрысатын жерін айтсын,— деп.

Ертең ертемен Куандық та шықты. Болатқожа аттан түсе қалып, жерден жеті шым ойып тастанады да атқа мініп алды, Куандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жықты да, бір шымды алды Куандыққа жетіп барды:

— Жасы үлкен аға едің, саған қол сермемеймін,— деп, жерге тастанай беріпті. Куандықтың үрейі ұшып, түсі қашып, корқып түр екен.. «Мына қолындағы шыммен періп қалса, мені жайратады ғой» деп қуарып кетті дейді. «Қой асығы деме, қолыңа жақса сақа ғой»— деп еді. «Біз саған тоқтадық, еншіні өзің бөліп бере ғой»— депті. Болатқожа:

— Маған тоқтасаң, ана жайылып жатқан жылқының бір жағын өзің таңдал ала ғой. Мен қақ ортасынан жүремін, менің сонынан өзгең жүріндер,— дегенде Куандық:


— Мен ана жағын алдым,— дейді. Болатқожа қақ ортасынан жүрді,— алған жағы Куандықтікі, қалған жағы Сүйіндіктікі,— дейді.

Сонда Сүйіндік Болатқожаға өкпелепті: «Мен әдейі сені «Аттай қалап, атандай таңдал» алды шыққанымда, бұл не қылғаның, көп жағын оған аудара байлап кеттің» деп. Сонда Болатқожа айтыпты:

— Сүйек-саяқ сықылды шашылып жатқан жағын ол алды да, үйтқан қатықтай үйіп жатқан жағы сенде қалды. Бір-ақ айғырдың үйірі артық шығар, ондық ағалығы жоқ па депті. Санаса келе, Болатқожаның айтқаны болып тұрыпты. Болатқожаның қаракесек атанған жері сол..

Сүйіндікten қолқалап алған қатынынан Шұбыртпалы, Шекті туады. Алшын Зортұмактың асына ат апарып қосып, оның бәйгесіне келген күннен Қамбар туады. Бір шабыншылықта өз өнерін асырып алған олжа баласы Жалықбас болады. Қыздай алған қатынынан Ақша, Түйт, Түйтеден Майқы, Танас. Майқыдан Эйтіке, Таңастан Тымырсық, Бөтей. Бұл Бөтейден Қарашор, Ақшадан Бошан.

75365/4346



БОШАН

Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Машай, Жантудан Тоқтуыл. Таздан Наманай, Бұлбұл, Бұлбұлдың екі қатыны болған. Бірінің аты Қаракемпір, бірінің аты Құбакемпір. Құбакемпірден Қөшек, Алдияр, Құдайберді, Үсен, Шаншар. Шаншардың үш қатыны болған. Қыздан Бике, Айбике, Нұрбике. Машайдан Бәйімбет, Бораншы, Бәйімбеттен Қояныш, Тағай, Дәulet, Керей. Манаттан Үйдіқбай, мұнаң Қоянкөз, Торым, Боранышыдан Қарсұн. Керней, Қаракесек болған соң, өсіп-өнуге келгенде бұған ешкім таласпайды.

Өзгені қоя тұрайық, өзімізге келейік, Куандық.

СҮЙІНДІК

Нұрфая бәйбіше Сүйіндікті, Бегендік, Шегендікті. Олжагелді деген асыранды бір бала — төртеуіне өз қолынан қатын алып беріп, енші беріп, сол төртеуін төртуыл атаған. Бегендігі — қозған, Шегендігі — қақсал, Олжагелдісі — қаржас. Туысы басқа-басқа болса да төртуыл дегенде төртеуі қосыла кетеді. Бегендік қыршын жас күнінде өліп, қатыны онаң бір бала тауып, Оразгелді аталған. Бегендік өлген соң, ол қатынды Сүйіндік алып, Сүйіндік алған соң, бір ұл туып, мұның атын Сұғыншы қойған. Оразгелді, Сұғыншы Сүйіндіктің баласы есепті болып, Оразгелдіге қатын алып беріп, енші берген. Оразгелдіден екі бала — Тәңірберді, Сәрік. Сұғыншыдан екі бала Шоманақ, Мәжік. Тәңірбердіден үш бала — Ораз, Малқар, Ҙолым. Сәріктен екі бала — Қожамберді, Тоқтас. Қожамбердіден — Байназар, Есназар, Қозыбақ. Тоқтас екі қатын алған, бәйбішесінен Есіл бойындағы Қарақозған, тоқалының аты Сарықызы, онаң туғандар Сарықозған атанады.

Қозған деген кісі аты жок, қозғала берген соң, шіркін қоза береді ғой деп Қозған аталған. Қақсал деген де кісі аты жоқ, қақсай берген соң Қақсал атанған.

Куандық, Сүйіндік енші алышқанда қарабауыр қылып аламыз деп таласып, асық қаржысып алғандықтан Олжагелді қаржас атанған.

Баяғы Бегендіктен Оразгелдіні, Сүйіндіктен Сұғыншыны тапқан қатын Сүйіндік өлген соң, байға тиіп

кетіп, Куандықта тимеш деген елде Оразды тапқан. Бала құнімізде қариялар аңыз қылып айтып отырушы еді, бір қатын бес елді өсірген екен деп.

Сүйіндіктен Суғыншы, онан Шоманақ, Мәжік дедік. Суғыншының қатынының аты Жолбике. Бұл Жолбике-ден Жанболды, Құлболды, Жолболды туады. Шоманақ өлгенде Жолболды емшекте қалған бала. Жолбикені Қаржас алып, Жолболды анасының құшағында кетіп, оған қатынды Қаржас алып беріп, енші беріп, мал-жанданып, жан-жанданып, үйлі-баранды болғаннан кейін бауырларын тапқан. Құлболды балаларынан зорлық көре бастаса, бірі боз қасқа сойып, бірі көк қасқа сойып, Қаржас пен Орманшы біріге бастайды. Ол бұрынғы өсіп-өнбекен күнде болған жұмыс. Бұл күнде өсіп-өніп қобейген соң, ешкімді керек қылмайды. Бірақ ұрандасқанда «Жолбике, Жолбике» дескенде бірігіп кетеді.

Шоманақпен бір туысқан Мәжіктен Малай, Жәдігер, Малайдан — Қатке, Дәулет, Жәнібек, Тыныбек. Жәдігерден — Бәйтік, Шақай, Сары. Бұл Малай Жәдігер үрпағы. Өзге төртуылға қарағанда аз, аз болғандықтан күні бүгінге шейін төртуыл атында. Құлболдымен туысқан Жанболды өспегендіктен күні бұл күнге шейін Жанболды атымен аталады. Бұрынғы ақындардың өлеңі:

Мәжікпен бір туысқан ер Шоманақ,
Койыпты Құлболдыны құдай қалап.

Құлболдының бәйбішесінің аты Мақпал. Мақпал бәйбішениң тұңғышы Құлік, ортаншысы Тұлпар, кенжесі Айдабол. Айдабол он үшінде Айдабол би атанған екен. Ол заманда арғын Сырдәрияның күнбатысында жүреді екен. Арғын дәриядан өтіп, Қаратай жайлайды деген сөз естіле бастаған соң, қарақалпақ... арғын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды. Өткелден өткізбейміз деп, өткел аузын алғып тұра қалды дейді. Сыр сүннда аяқтап өтетүрын өткел болмайды. Сонда Мақпал бәйбішениң астында тор жорға аты бар екен нар жетелеп судан өтерде қара шұбар манат белдемшесінің етегін жинап алды да, іркілместен аты да үйректей қайқандап, жүк-мүгімен нарлары да шегініп тұрып қалмай, байпаңдап өте шықты дейді. Өткізбейміз деп тұргандар ләмлим дей алмады. Пай, пай бәйбішениң бөкссесіне болайын,— десіпті. Сонда Мақпал бәйбіше:

— Күлсөң күлерсің, күлерсің
Күндердің күнінде көбін,
Езуің жия алмай жүрерсің.
Бұл қай бөксе,
Айдабол шыққан бөксе,
Артың болса Айдаболдай үл тап,—

деп жүре берген екен.

ҚУЛІК, ҚУЛІК, ЖУРГЕН ЖЕРІҢ БҮЛІК, АТАНҒАН ҚУЛІККЕ ҚЕЛЕЙІК.

Қулік — қыргызша жүйрік делінген сөз.

Қыс шілдеде
Жілік жүгіреді.
Жаз шілдеде
Қулік жүгіреді.

Өзінен жүйрік тұа беретүғын ел. Екі қатыны болған. Бәйбішесінен Тілеуімбет, Наурыз, Даulet, тоқалдан Өтепберді, Данияр, Сексен, Өтепбердіден — Ақыл, Кошқар, Өтепбердіні жан білмейді. Ақыл, Сексен атанған. Ақылдан — Бейбіт, Жапалак, Деріпсәлі, Мырзагелді, Айбас. Ақылдың қалмақтан алған қатынның аты — Сұлым. Оナン туған Қойгелді, Ҙылгелді. Ақыл өз қара шаңырағына Бейбітті ие қылып, кенжесі Айбасты Сұлымның қолына кіргізіп, соның шаңырағына ие қылған. Ақылдың қалмақ қатынның туған Қойгелді Самыраттың асында өз тұсында үш жұзден балуандығын асырған, Бұқара балуаны атанған қоңыраулы балуанды жығып, бәйге алып кеткен. Самырат Бұқарды билеген Данияр биден туған Мінайдар ханның баласы.

Қойгелді балуан жалғыз барып, қалмақтан бір ерекк бала алып қашып келіп, атқа отырысы дұлығадай болған соң, атын Дұлыға қойып, асырап алып, бала қылған. Осы күнде Қызылтауда «Дұлығатас» деген тас бар. Сол Дұлығадан рұмбытақ — жұрағат бар Дұлыға балалары — Тоқанай, Тоқай, Тоқанайдан — Өтебай молда, Тоқайдан Оразайлар. Бәйбіshedен Құнтай, Тақашбай, Тақашбайдан Қуанбай жалғыз. Тақашбай ел тауға қонып жатқанда өлген екен, сол күнде Қуанда үш жұз қой бар екен. Бір жұзін сойып әкесіне ас беріпті. Қалған екі жұз қойдың бір жұзі егіз тауып, Қуаның өз көзі

тіршілігінде он екі мың қой түяғы болғанын көріпті делінген сөз бар. Қуан балалары — Ордабай, Дандабай, Молдабай, Ноғай. Молдабай қотанынан бес мың түяқ өрген күнін осы қалам ұстап отырған өз көзімен көрген кісі.

Дандабайдан Торғауыт, Аймауыт бәйбіше қатын балалары. Тоқалынан Оспан, Бәйділда, Әбдірахман. Аймауыттан Жұсіпбек, Жұсіпбектен Бектүр, Жанак.

ТІЛЕУІМБЕТ, НАУРЫЗ

Күліктің бәйбішесінен Тілеуімбет, Наурыз. Тілеуімбет тұнғышы екен Он алты ұлды Тілеуімбет атаныпты. Үй тентек, айран көз, белдеу ұстап, безерлік қылуға мығым екен. Арғында Тілеуімбет, Алшында Жолымбет деп аттары шығыпты. Батырлықпен, билікпен, құнды-пұлдылықпен емес, қисық-қызырылышпен аты шығыпты-ау деп ойлаймын. Өзі жұтап, жұттан қашып шұбырып келә жатқан қазақтың көшіне жол-жөнекей қалмақ оқтай ұшырап, алты баласымен Наурыз қашып күтылып, он алты бала ат арқасында соңынан шұбырып жүрген соң, Тілеуімбет қашпай соғысып, қалып, басы отағасының өзі болып, бықырт тауыпты.

Орманшы Бәпке Тайлактың бала батыр атанған күні екен. Жау ортасында жаралы жатқандардың үшеуін алып қашып құтқарыпты. Күліктің сексен жасында туған тоқалының баласы Сексен, сары атты Сексен атанған. Жүкті түйені жүгімен ала қашып құтқарыпты. Ол түйеде екі бала бар екен. Бірінің аты Бесім, бірінің аты Қойтан. Сол түйенің үстінде жан сақтап қалған. Бесімнің ұрпағының өсіп-өнген жанин туған ұрым-бұтақ, жұрағаты осы шежірепі жазып отырған.

Бесімнің бәйбішесінің аты Бектік. Қыпшақ Қатықолақ мергеннің қызы екен. Бектік бәйбіshedен туған үш бала — Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен Құлмамбет, Сырмағамбет, Досмағамбет, Ермағамбет, Сырмағамбеттен — Санжасар, Мыңжасар, Жұзжасар, Қөпжасар, Мағырып. Қөпжасар қораш, уақтау туғандығынан Қөпей атанып кеткен де, сол Қөпейден туған Мәшіһүр Жұсіп жетпіс жасында жазып отыр осы нұсканы.

НАУРЫЗДАН АЛТАУ

ВОЛГАБАЙСЫНДАР

Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей, Ерсімбек, Мәмек, Ерсімбек өспеген, Шобалайдан Жәнке батыр, Өміртай. Мұның үрпағын Қожаберген деседі. Жәнке батыр жүз төрт жасқа жетіп өлген, он төрт үлға ата болған. Бала-ларының бәрі де өсіп-өнген. Абылай хан заманында болған билердің қақ мандайы болған. Жалай мен Жәнке батыр да үш табылды дейтүгін Жәнке батыр осы. Байдың бәйбішесінен Ақжоқа, Таңсықжоқа, Қосак, Жанак.

Жәнке батырдан кейін Жанақ би болған. Өз тұсында Жанақ деп ешкім атын атайды алмайды екен. «Жәке, Жәке» деседі екен. Бұл кісі «аттым» десе, мал да, жан да мұрттай үшады екен. Қаһарлы Жанақ доғал оқ Жанақ атаныпты. Өзі біреуге іренжісе:

— Эй, жаным, ақшолаққа оқ салдырайын демесен, тыныш жүр,— дейді екен. Тоқсан бес жасында, ел жайлауға көшіп бара жатқанда Сілетінің ар жақ, бер жақ қабағында Сарытөбе деген жерге қойылыпты. Әруақ, мұра, қор деген бар ғой. Елу алты жасымда осы Баян-ауладан сүрінбей-жалықпай басына барып, ақ шолағын, доғал оғын алып қайтқан жан осыны жазып отырған.

Жәнке батырдың бәйбішесінен туған төрт үлдің бірі — Қосақ. Бұл Қосақтан Торсықбай туып, ең алғаш орысқа бағынып, дуан аузы ашылғанда Шоң би аға сұлтан, дуанбасы сайланғанда Торсықбай болып сайланып, ескі законда он жеті жыл болыс болған. Түкірігі түйме алтын, қақырығы құйма алтын, аузынан шыққан лебізі жерде қалмаған қасиетті, үлгілі өсиетті жан болған.

Жәнке батырдың қалмақ қатынан Татан, Шөкей, Құлмырза, Тікей, Қабыл бес ағайынды. Бұлардың үрпағын күні бүтінге дейін бес қара дейді. Үшінші қатынан Босмойын, Биікбас, төртінші қатынан Алдияр, Байбарак, Қожам, Сейт. Осы он төрт үл иттің күшігіндей өскен-өнген, би баласы дейді. Құліктің көбі осылар болады.

Жәнке батыр әкесі Шобалаймен бірге туған Шобай, бұл Шобайдан Жаманғара, Байтөбет, мұның үрпағы да толық бір ауылнай ел. Шолабай, Шобаймен бір туысқан Ақай дегені тағы бар. Мұның балалары Бекмырза, Санмырза. Бұлар да толық бір ауылнай ел. Енді бір туысқаны Түкей деген. Алдыңғылардай өспесе де, өз алдына

Түкей аты атанған ауыл-аймақ. Бұлармен туысқан Ерсімбек, Мәмек. Өспеген де өшпеген азғанауы Жәңке батырмен бір туысқан Өміртай. Мұның балалары — Ақбота, Тайлак, Қайнар, Қөшек. Мұның ұрпағы да өскен-өнген...

Құліктен бері неше атала келгенін аңғартайын. Құлік, Наурыз, Шобалай, Жәңке батыр. Аққожа, Құлжан, Жаутен, Тілесбай, Ыбырай, Әбікен. Осы Әбікен де бала-шағалы жан. Құлік үш ағайынды — Айдабол, Құлік, Тұлпар.

Наурыз екі ағайынды. Тілеуімбет, Наурыз. Шобалай алты ағайынды, Жәңке батыр екі ағайынды.

Аққожа бір атадан төрт ағайынды. Әкесі Жәңке батырдан туған он төрттің бірі. Құлжан алты ағайынды. Өстемір, Құлжан, Бижан, Құнан, Дөненбай, Құлбек! Жәутен екі ағайынды. Тілесбай үш ағайынды. Тілесбай, Елесбай, Тәтікөт. Ыбырай үш ағайынды, Әбікен де сондай. Мұның бәрін шұбыртып жаза беруге өзім көрі, қағаз қат.

Торсықбай төрт ағайынды: Жаңғара, Баба, Сапқай, Торсықбай. Жақып баласы Малғабас, мұның баласы Арын, мұның баласы Шәріп! Қойсары ішінде Қозыбақ, Малбағар бір туысқан. Қозыбақ балалары Байсалық, Жансалық, Қожаберген.

Ұрпактары Нарымбай, Түгелбай. Нарымбайдың көшіп Қаржасқа келген жылында туған баласының аты Қаржабай. Онан туған баланың аты Омар. Бұл Омардан Имаммәлік. Тұбі-тегіміз үйсін дейді. Нарымбай Түгелбайдың нағашысы. Қаржас шешелеріне еріп келіп, нағашысында тұрып қалған дейді. Өздерінен басқа ағайындары бар дейді. Дағбада, қосқұлақ ішінде, біраз үйсін бар. Қекшетау жақта қарауыл ішінде үйсін бар дейді.

Қаржас, Құлдың төрт баласы Құдайберген, Тәңірберген, Тілеке, Тілеміс. Бұрынғы қонысы Қызылтауда. Есеннің каракуысы болған. Алабас айғырдың үйірі жетпіс-сексен болған. Алабас айғырдың үйірі жоғалып кетіп, Құлдың Тілеке батыр атанған баласы тауып алып, соның барып жатқан жерін Алабас қойған. Айдал жүрейін десе айғыр айдатпаған. Айғырдың өзін үстап мініп алып, намаз оқып отырғанда айғыр тықыршып тұрмай, шиыршық атып оралғанда, қыл шылбыр мұрнының үстінен оралып, мұрның шорт қылп тастаған. Мұрның кесіп тастап, киімінен мақта жұлып алып, жапсырып жүре берген. Үйіне келсе, әкесі:

— Балам, Есен тентек малымызды қуалап оттатпайтын болды. Құи көрсететүғын болмады,— деген сон, да лада малда жүрген Есен тентекті ұстап алып, тентекті өзінің шалбарының ішіне салып, аузын-балағын буып, таудың басынан домалатып жіберіп, көшіл кетіп қалған...

ҚУАНДЫҚТАН АЛТАУ ТУАДЫ

Есенқарт, Аманқарт, Алтай, Қарпық, Барши, Тимеш. Қарпықтан Тінәлі, Мәмбет, Қүзей, Есентемір — Қүзей атанған. Қүзейден туған Тоқа, Алтайдың Тоқасы осы. Тінәліден Әжіке, Әлімбет, Үсейін, Қасқа. Үсейіннен Құттыбай, Жәйілмес. Құттыбайдан Құттымбет, Тілеуімбет. Құттымбеттен Қарабас, Деріпсәлі, Айдар, Торғай. Қарабастан Дүкен, Баянбай, Түгелбай, Тенізбай, Төлек. Дүкеннен Қылдыбай, мұнан Айтқожа халфе, Шырай, Әбей хажылар. Осыны жазып отырған Мәшіүрмен замандас кіслер бұлар. Баянбайдан Қалдыбай, Орбай. Құттымбетпен туысқан Тілеуімбеттен Қанай, Құрмантай, Енем; Енем — қатынға аталған ат. Байының аты Өтеміс. Өтемісті жан білмейді, Енем баласы атанып кеткен.

Қанайдан Байғұн, Байғұннан Сары, Қоңыр, Сарыдан Қебе, Қөгер. Қоңырдан Досымбек, Қанаймен туысқан Құрмантайдан Үмбетай, Үмбетайдан Елшібек, Елшібектен Қанту, Жанту, Қантудан туады Бесімбай, Өтебай. Жантудан Айдапкел, Мұса, Секербай. Заманында Ақмола дуанына қараған елге қазы болған кісі.

Енем баласы Жаманбай. Жамабайдан — Елеу, Елеуден — Бейісжан, Тілеуімбетпен бір туысқан Құттымбеттен Қарабас туған деп едік қой. Қарабастан Түгелбай, Түгелбайдан Ерәлі, Серәлі, Тілеулі, Бектас, Бегімбет. Бұлар тоғыз ағайынды болып туған. Ерәліден Сүріпкел тоғыз ағайынды болып туған. Сүріпкелден — Мұсабай тоғыз ағайынды болып туған. Мұсабайдың бір байласынан тоғыз туған. Төрт атаға дейін тоғыз-тоғыздан туып келген. Ерәлі, Серәлімен бір туысқан. Тілеуліден Ақбике, мұнан Қылыш хажы. Тінәлі де көп жыл болыс болып, атақ шығарған бір кісі.

Жоғарғы жақта айтылған Қанайдан Сары, Қоңыр, Қенгір деген біреуі тағы бар. Қенгірден Олжабай, Олжабайдан Жарқынбек, Жақынбектен Әнипак. Тәніліден

төрт бала Әжіке, Әлімбет, Үсейін, Қасқа. Үсейіннен — Құттыбай, Жәйілмес, Дедек. Жәйілместен Қожағұл, Дәulet. Қожағұлдан — Өтеген, Қөлбай. Өтегенинен — Байұзак, Жанұзак. Жанұзақтан — Бердісүгіrbай, Тінәлі, Дебір, Қадірлі, Құнды, Пұлды болған. Мұса, Секербай заманында Бердісүгіrbай десе, әркім білерлік бір кісі болған. Осы кісі айтып отырады еken, балалар:

— Қаңтар болмай қарға жарымассындар,
Хажы көбеймей дауға жарымассындар... —

деп ол заманда қазақта хажы санама болған күн. Бердісүгір балалары Әбділда, Жақып, Сайдалы, Ақкошқар, Өтеген. Қөлбайдан Әлі болыс. Бұл кісі де Куандықта кешегі Шоң болыс сықылды көп жыл болыс болған жан.

Қанту баласы Әлі болысты «шата мүрдар» деп айта береді еken. Әр орында бір айтып, қоймаған соң:

— Мені шата, шата деп айта бересіз. Әкесі белгілі кісіні шата дей ме еken? Мен кімнің баласымын айтып беріңіз,— деген еken.

— Өзің іште жатырсын... Қайдан білесін? Жаман Құлшымбайдан сендей бала туа ма, сен Наурызбайдан пайда болған бала едің! — дегенде:

— Онда әкем жаман кісі болмады гой,— деген еken. Өтегеннің Қөлбайынан Жантілі, Майкөт. Майкөттен Әміртай. Әміртайдан Құлшымбай. Құлшымбайдан Әлі болыс. Жантіліден Жорқабай. Жорқабайдан Ыскак. Кісі білмейтүғын жандарды жаза беріп немеге керек.

ҚУАНДЫҚТЫҢ БІР БАЛАСЫ — АЛТАЙ

Бұрынғылар айтқан сөз дейді: алшын болсаң адай бол, арғын болсаң алтай бол, үйсін болсаң сиқым, жаныс, ботбай бол, найман болсаң қаракерей, садыр, матаі бол. Өзгелерің қалай болсаң, солай бол деп.

Тышқанның да сәуірі болады деседі. Алтай арғынның сәуірі болған еken. Алтайдың бай бәйбішесі қанжығалы Піспекбайдың қызы Байбике. Онан туған Алысай. Жеңге алған бір катыны болған, онан туған Нұрбай. Алтайдың ақ сауыты Нұрбайды қалған. Қалмаққа олжаға түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып алғып келген, сауыттың аты шежекөз. Сондықтан Нұрбай ұраны

шежекөз болған. Нұрбайдан басқасында белгілі ұран жоқ. Әупәй Қуандық аталған.

Байбике өлген соң, Піспекбай Алтайға Аққоян деген қызын беріп, мұнан туған балалар Әлике, Байдалы, Сайдалы. Әлике, Байдалы төмөнгі Алтай атанады. Сайдалы Ақтау, Ортау жакта өр Алтай атанаған кеткен. Аққоян өлген соң, Піспекбай Алтайға тағы бір қызын берген. Мұнан туған Мойын. «Мойын болмай ойын болмас» атанған. Алтайдың балаларының ішінде өскен-өнгені, толығы осы Мойын болса керек. Бұл тоқал Мойынды туған соң қалмаққа олжа болып, жау қолына түсіп кеткен. Нұрбайдан басқасы қалмаққа барады дейсің бе? Нұрбай барып алып қелген. Тоқал қалмақтан екі қабат келіп, ер ұл тапқан. Алтай бабамыз:

— Кенжеқарам деп айтқандықтан Қенжеқара аталаған кеткен. Қалың Алтайдың ішінде мұнан да үрпақ бар. Бұл күнге шейін Кенжеқара атанады.

МОЙЫНДЫ ТАРАТАЙЫҚ

Алтайдан алтау — Алысай, Нұрбай, Әліке, Байдалы, Сайдалы, Мойын, Кенжеқара. Алтай баласы аталаған, есеп-санға қосылған емес. Мойыннан алтау — Рақбанқұл, Аманқұл, Сарша, Шаңкей, Қаріке, Мұрат. Сарша, Шәңкейден — Етболды, Байболды. Рақбанқұлдан — Әлібек, Қалибек! Аманқұлдан — Эжім, Мәжім. Әлібектен — Арапбай, Сармантай.

Мұраттан алтау — Әлмәмбет, Мырзамбет, Үмбет, Үкібас, Мәмбет, Таубұзар. Әлмәмбеттен төртеу — Жылқайдар, Қожағұл, Қалқаман, Бекайдар. Бекайдардың үш қатынынан тоғыз туады. Тоғызы да өсіп-өнеді. Мырзамбеттің қатынының аты Төмен бәйбіше атанған. Мырзамбеттен Қошқар деген баланы тапқан. Мырзамбет өлген соң, бұл Төмен бәйбішенні Бекайдар алған. Төмен бәйбіше Бекайдардан үш ұл тапқан: Елібай, Жайықбай, Тенізбай. Төмен бәйбішеден кейін Сәлия атты қатын алған. Мұнан туған Төлебай, Дербес, Қожамсейіт. Баяу тоқалдан Ізбасар, Баба, тағы біреу бар. Төлебайдан — Жиенәлі батыр, Абылай хан тұсында әруақты батыр болған.

Жылқайдардан — Ақкісі, Жанкісі, Бердіс, Төлек. Бердістен — Жапалак, Ботбай, Шымыр. Жапалақ батыр

атанған, өзінде үл жок, екі қызы болған. Батырлық деген жылқы қуалап ала бергеннен батыр атанған. Базыл Боштайдың әкесі Тұрсынбайдың жылқысын алған. Жылқы соңынан бітім-тыным үшін барғанда: құдық түбі шыммен бекіп, бітеледі, дау аяғы қызben біtedі деген бар ғой. Жапалақ батыр Қосаяқ деген қызын Тұрсынбайға беріп, Тұрсынбай оны тоқалдыққа алып, кешегі аты шыққан Бәйтен сал сол Қосаяқтан жалқы туған. Жапалақпен бір туысқан Шымырдан — Бармақ, Бармақтан — Танаш, Қанай, Аны. Танаш қызы Ұлбаладан осыны жазып отырған Мәшһүр Жүсіп туған. Жерде қалмайды, жиенде қалады деген бар ғой. Жиенәлі батырға, Жапалақ батырға жаққан жұмыстар осы екеуіне де көріне көзге жақты, басқаға жақпайтын қылыштар.

САРМАНТАЙДАН

Мәулім бәйбішеден — Байдәulet, Қелдәulet, Өмірзак, Ерназар, Бекназар, Құлназар; Тотия тоқалдан — Алда жұман, Қаражігіт. Ерназардан — Алшағыр батыр, онаң Бижан, Шынтемір, Тыныбек. Алдажұманның бәйбішесінен Қорам жалғыз. Мана деген бәсентиін қызы тоқалынан Сәттібай, Сәті, Кошқарбай, Тәті. Бұл Тәті жақсы Тәті атанды. Куандық, Сүйіндікте жалғыз қара болды. Өз тұсында мұның алдына жан түспеді. Тәтіден — Азына. Сәттібайдан — Есемекай, Абыл. Кошқарбай немересі Ешмұхамет. Тобықты Құнанбаймен сапарлас болып, хажыға барып, хажы атанған.

Алтай — Тоқаға он жеті мың жылқы біткен. Алда жұман дейтін бай екен. Алдажұман байдың Мәулім дейтүғын бәйбішесінен Қорам жалғыз. Жаздығуні бай жылқысын көлден сауартып шығарып, аулына қайтып келе жатса үйінің қасында төрт-бесті бәсентиін қоңсысы болады екен, солардың бір үрпек бас, жалаң бұт, жалаң аяқ жүрген қызы үйінен шыға сала отыра қалды дейді. Сонда соның дәретінің гүрілдегенінен байдың аты үркіп, жығып кете жаздалты. Атын бұрып, тоқтатып алып әдейі келіп отырған жерін қараса, әлгі жерді қарыс айрып жіберген екен. Үйіне түсісімен жылқыға шаптырып жіберіп, бір тай алдырып, сойып, түн ішінде ауыл-аймағын жинатып алып, сол қызды тоқалдыққа алышты. Аты

Мана екен. Төрт үл туыпты — Сәттібай, Тәті, Қошқарбай, Сәті. Төртеуі де болекше болып туыпты.

Карікеде — Ақбура, Тоқбура дегендер болған. Тоқбурадан тоғыз, Ақбурадан алтау. Ақбура балалары — Арынқұл, Құдайқұл, Мендікұл, Жанықұл, Жанықұлдан — Аманбай, Аманжол. Аманжодлан — Мәмбет, Үрнек, Кошекбай. Мәмбеттің бәйбішесінен — Саңырық, бір қатынынан Мұцайтпас, Қашаған, бір қатынынан Тоғалак, Сәтбай, Сәтек. Аманжолдың қара шаңырағы осы Сәтекте қалған. Кеме Мұса, Секербай заманында Сәтек асы атақты зор жиын ас болған. Айтбақының күрең аты бәйгенің алдын алған. Балуан бәйгесін Байдалының Мұстапасы алған. Саңырықтың бәйбішесі Асан Тастемір қызы, аты Ұлбала. Ол он үл туған. Тоқалының аты Айымжан. Бұл үш үл туған, бәрі де өсіп-өнген. Куандықтан алтау, Мойыннан алтау, Мұраттан алтау, Әлмәмбеттен төртеу, Бекайдардан тоғыз, Қошқардан алтау.

Биікше деп атанған, Аралбайдан тоғыз. Сәйдәлі де Итқарадан тоғыз. Тінәліден Қарабастан тоғыз. Біреуі Ерәлі. Бұл Ерәліден де тоғыз. Біреуі Сүріпкел, Сүріпкелден де тоғыз. Біреуі Мұсабай, Мұсабайдың бір баласынан тоғыз. Төрт атаға дейін тоғыз-тоғыздан туып келген осылар. Куандықтың өсіп-өнуі осылайша.

Біреуі теріс, екеуі керіс, төртеуі дұрыс, бесеуі шоқпар, алтауы бақан, жетеуі жеті ит, сегіз болды, иттің күшігі болды, тоғыз толық деген.

Жалғыздық бір құдайға жарасқан, онан басқаға жараспаған. Екеудің бірі өлсе бірі қалады. Жалғыздың өзі өлсе... артында несі қалады. Төртеудің дұрыстыры екеуі біріңгай болса, қалған екеуі тағы біріңгай болады... Жетеу болса, жеті иттің аулы атанады. Үш жүздің баласы қазақты араладым, сегіздің онған жерін көргенім жоқ. Тоғыз не де болса жаман емес, ең дәнеме болмағанда өсіп-өнеді.

ҚАРАҚЕСЕК

Бұл шежіренің жоғарғы жағында қаракесек бес мейрамның бірі атанип, Болатқожадан өсіп-өнгендігін Шаншарabyзға шейін сөйлемдік. Шаншарabyздың үш қатыны болды дедік. Қызбике, Айбике, Нұрбике, Қызбикеден

Әлсай, ол өскен жоқ. Айбикеден Келдібек, Тыныбек, Есіркеп, Жәнібек. Төрт бек атанған. Келдібекке өз заманында Бегімсық деген әулие атанған қожа кітап ашып, талай нәме көтеріп, екі беті толған мен, екі емшегі екі сүйретпедей толық, бір аяғы аксақ қыз ал. Солай қылсан, тұқым-жүргатыннан құтты да туады, сүтті де туады, әруакты, бақты ханға бергісіз би де туады деген соң, қырықтан асқанша қатын алмай жүріпті. Бір ауып бара жатқан Ақымбет керей деген елден осы қыз табылыпты. Келдібек қатындыққа алыпты. Асан, Үсен, Бадана, Бөдене, Сәдібек, Қазыбек, алты ұл тауыпты. Бұлардың «аксақтың алтауы» атанғаны сол.

Шешелері балаларын емізгенде бір емшегін баланың аузына салғанда, бір емшегін иығының үстіне асып отырады екен. Олай қылмаса, сүті жерге саулап кетеді екен. Асан, Үсен егіз туған екен. Екі емшегінің сүтін егіз бала тауса алмаған екен. Қазыбек жалғыз өзі-ақ. Сүйретпелерін керегенің басына іліп қоятұғын қылады екен. Үсен үрпағын бұл күнде Құланшы атаған.

Қазыбектің бәйбішесінен Қазымбет, күң қатынынан Бекболат. Қазымбеттен — Арай, Жанай, Қанай, Атымбай.

Қалдыбай қожаның өлеңі:
Қазымбеттің баласы Қанай, Жанай,
Ортаншысы Атымбай, кенжесі Арай.
Қараұзақ пен Сарыұзақ қарақалпақ,
Құлтекесін сұраймың әлдеқалай?

Қанайдан — Базыл, Базылдан — Жылқыбай, Саржан, Саржаннан — Жаманкөт хажы, Жылқыбайдан — Корабай, Шалабай. Жанайдан — Соқырби бала, Арайдан — Жолшара, бұл да қазы болған.

Бекболаттан — Тіленші, Тіленшіден — Тоқсанбай, Алшынбай, дөкей ер болған Алшынбай би осы. Алшынбайдың бәйбішесінен — Жүсіп, мұнан туады Ісләмбек, Тогамбек. Алшынбайдың тоқалыннан Қақабай бұл бес ағайынды болған.

Айбике ежелден толық бір болыс ел. Қаз дауысты Қазыбек туған соң не кемдігі болсын.

Нұрбикеден — Тілеуке, Бертіс, Тілеукеден — Шақабай, Жарылқап — ұры Жарылқап атанған. Бектігі жүрт үстінен жарлық жүргізіп бек болған емес, өз үйінде өзі хандарша салтанатпен отырады екен.

Жарылқаптың бәйбішесінің аты Маңқан бәйбіше, төрт ұлы бар, Жоламан, Таstemір, Атыбай, Кенжебай.

Жоламан — он алты ұлды Жоламан атанған. Бәйбішесінен Ақтанберді, Құлшипаш. Ақтанбердіден — Жанысбай, оның ұрпақтары Дегеленде болады. Жоламаның екінші қатынан Жетісары. Ең тұңғышы Токтамыс, одан кейін Тайгелді, Қөптік, Құл, Қекен, Монтақай, Қойсоймас бәрі де өсіп-өнген. Қойсоймастан Қекшіл, Толыбай, Шоқай, Шомақ, Баймұрын. Баймұрын мырза атанған. Шын мырза емес, шын мырза болмаған кісі. Баймұрыннан — Шотак, Матақ, Жаманай, Ақай, бұл төртеуі бәйбіshedен. Қоржынқұл, Дүйсек, Бейсек. Бұл үшеуі бір қатыннан. Кенже тоқал Шайданнан Жұбаныш, Эбдіш. Ақайдан Мақат хажы, Хасен болыс... Бертіс — он жеті ұлды Бертіс атанған. Он жеті ұл ат аркасына мініп, соңынан ерген сон, жалғаның жарты пәлесі болған басына құстың қауырсының қадап алып, қарқаралы хан Бертіс атанған. Ташкентті барып шапкан, талаған. Мұны Бұқар ханы естіп, соғысуға келген. Сонда Бертістің Бұқар ханына айтқан сөзі:

— Он жеті ұлым бар, сен түгіл құдайдың да өкпесі қабынып, алса да зорға алар,— депті. Бұқар ханы: мынау құдайдан да қорықпаған екен. Құдайдан қорықпағаннан қорық деп еді,— деп, қайтып кетіпті. Бертіс үйіне келіп түскен сон, он жеті ұл үш күннің ішінде тышқақтап сақ болыпты. Бертіс дым сызбай, ас-су ішпей, теріс қарап жатып алыпты.

Сол Қаракесек ішінде Бегіммысық атанған әулие қожа бар екен. Өзі сыйынғанда Сақмар баба деп сыйынады екен. Сақмар баба деп жургені Шайхан Тауырдың әкесі Шайх Ғұмар баба екен. Соның жұрағатынан шыққан қожа екен. Бертістің балаларына бата, өзіне көніл айту үшін Бегіммысық кіріп келгенде жанға басын көтермей жатқан Бертіс үшіп тұрып, қожаға қол беріп:

— Сенің әулиешілігіңе сенемін деп, жоқ жерде асылық айтып ұрынып қалдым-ау, сенің әулие емес тігінді білсем, айтпайтын едім,— дегендеге, Бегіммысық:

— Теректің өзіне түскен өрт еді, бұтағына қағыл жібергендігім, ол да қолдағаным емес пе? Тұр, бір тоқал ал, үш ұл туады, бірінің атын Бектемір қой, бектік, байлық ұрым-бұтағынан тепкілесе кетпейді. Бірінің атыч Казығұрт қой, құртша құжынап, битше быжынап, мал бітеді. Үрім-бұтағы бай болады. Бірінің атын Әуез қой, байлық мұның ұрпағында да болады. Бірақ сұлдыр моншақ секекшіл ертеңгі үәдесі түске жетпейтүғын болады.

Солардың ұрпағы күні бүгінге дейін бар. Бегімсызықтың айтқанында болды да қойды.

Қаракесектің сөйлемпаз, сөз тапқыштары осы Бертіс ұрпағынан болады. Бектемірден туды Битен, Шітен, Мүшке. Мүшекеден Қазанғап. Қазанғантан — Тәттімбет, Ерсімбет, Жақсымбет. Тәттімбет Мұса, Секербай заманында Қаракесекте үштің бірі болып, атағы шыққан. Өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, айыр көмей, темір жақ домбыда тартып, ән қосқанда алдына адам түспеген. Күні бүгінге шейін Тәттімбеттің «Сылқылдағы» десіп тартады...

Құлатай, Кожатай, Қантай, Тонтай олар да осы Бектемірден шыққан. Байлық та бірінен бірі өтеді. Соның ішінде Тонтайдың сөйлемпаздықпен аты шыққан.

Қаракесек ортасында айтылып жүрген сөз:

— Айбикенің аулына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон деген. Және Қаракесек ішінде Қара-шор атанған ел бар. Қараға қонғанша далаға қон, далаға қонғанша молаға қон деген.

Болатқожадан — Ақша, Түйте, Ақшадан — Бошан, Бошанинан — бесеу: Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Машай. Жанту ұрпағын бұл күнде Тоқтауыл атайды. Байбөріден — Қойке, Қыдырәлікедей, Қыдырәлікедейміз Қойке келсе не дейміз деседі еken. Манаттан — Қоянкөз, Торым, Машайдан — Бәйімбет, Бораншы туады. Бәйімбеттен — Қоянши, Танай, Даулеткерей. Бораншыдан — Қарсұн Тілеуберді, Тілеубердіден — Керней, Кернейден төртеу туады: Дәу, Шан, Балапан, Самырза.

Бұл күнде Дәу сегіз старшын ел, Шаң үш старшин ел, Балапан бір старшын ел. Самырза бар болса он шакты үй. Дәудің бәйбішесінен — Қалқаман, тоқалынан — Балта, Түйте. Түйтеден — Жарылғап — би Жарылғап, батыр Жарылғап атанған, қаракесекте ірі, дәкей болған Жарылғап. Қанжығалы Бөгенбай батырмен замандас болған. Бөгенбай батырдың кенже қызы Бор-

сылдақты тұңғышы Қырбасқа алып берген. Қырбас жеті катын алған.

Жарылғап балалары Қырбас, Жәнібек, Сәдібек, Баубек. Әкесі Қырбас, шешесі Бөгенбай қызы Борсылдак. Бұл екеуінен Байсейіт жалғыз туады. Байсейіттің қатыны Зылиқа Шәндікен қызы бұл мейілінше сұлу болады. Жүйріктің тері кеппес, сұлудың жидіген қара елтірісі кеппес деген бар ғой. Қернейдің екінші баласы Шан. Шаңнан — Сүйіндік, Сүйіндіктен — Жомарт, Жомарт балалары — Бәйтік, Тәйтік. Осы Бәйтікпен Зылиқа ойнас болады. Қыстығұні Қырбас ақсақал жалғыз баласы Байсейіт үйінде жоқ, бір жаққа кетіпті деп естіген соң, келін-кепшік, бала-шаға қорқар деп баласы Байсейіттікіне қонуға келеді. Шетірек, оңаша қыстаған екен. Зылиқа байғұс қандай жылпың, жылы-жұмсақ тамаққа тойғызып, күп борансымақтау ма, неме? өзіңіз жоқта ауыл-аймағыңыз малдан айрылып қалады ғой деп, атасын аттандырып жібереді. Сыпайы Бәйтіктікі оңаша күтіп алу үшін, Қырекен аулын таба алмай, дала да адасып өледі.

— Қырбастың бір інісі Жәнібек еді ғой, онан жеті Сейіт туған. Жеті сейттің біреуі Ақсейіт. Бұл Ақсейіттен — Құлжамбек туады. Құні кеше жаңа законда Құлжамбек болыс болып, Қарқаралыға қараган жиырмадан аса болыстың как мандай болып тұрғанда Айбике болысы Саржан баласы Жаманкөт екен. Қарқаралыда тамам болыстың бас қосқан сиязы, жиылысы болып, болыс-білер бір бас қосып тұрған үстіне қырдан, даладан келген бойымен, оранып-шымқанып, үсті-басы қар кіріп келеді. Құлжамбек мұнысын ауырлап қалады, ауыз үйге шығып, кімін тастап келмедин:

— Осынша оранып, шымқанып жалғыз сені үсік алды бара ма дейді. Онда Жаманкөт:

— Ойбай, Құлжеке, о не дегеніңіз, Қырекем бізді күткендей қылып кетті ғой дегенде, Құлжамбек төмен қарап, жер шұқыпты да, отырған болыстар ду күліпті.

Сөз сөзден туады деген осы. Жаманкөт марқұмының бір ауыз сөзінен атам заманда өлген Қырбастың қай түрлі өлгендігін жаздырды. Қырбастан — Байсейіт, Байсейіттен — Нұрлан, Нұрланнан — Омар, Омардан — Сәдуақас, ол отыз жеті жасында өлді, Ақшатау болысы болып тұрған күнде. Бұл Сәдуақас та өз заманындағы адамның сұлуы еді. Зылиқаның тамыры Бәйтік үрпағынан — Қарашолақ балаларынан Адамбай, Тұрсын

шыкты, ал Керней деген елде Жарылғап даңкты болды. Оның ұрпағы Байсейіт те бай, Нұрлан да бай, Құлжамбек болыс, Сәдуақас болыс, олардан кейін Адамбай, Тұрсын.

КАРСУН

Есенаман, Наурызымбет, Жүзей. Есенаманнан — Қыдыр батыр, Асан, Қалибай. Қыдыр батырдың жас баласы құрттай бала күнінде қалмаққа олжа болған. Қайып деген бір төренің баласы о да қалмаққа түсіп кеткен. Қыдыр батыр қалмаққа аттанып барған. Жеті барғанда жеті бала ұрлап алып келген. Қалмақ сонан соң елші жіберген: «біздің балаларымызды алып келгендеріне балаларын қайырып береміз» деп. Қалмақ балаларын алып Қыдыр батыр мен Қайып төре қалмаққа барған. Қалмақ:

— Бізде қазақтан олжаға түскен жалғыз-ақ бала бар. Колына асықты жілік ұстасып орталарыңа жібереміз. Бала қайсының қасына барса, соның алындар деп. Баланы орталарына жібергенде, бала келіп Қыдыр батырдың қасына отыра қалды дейді. Сол баланы Қыдыр алып, атын Орынбай қойыпты. «Бұл баланы алатұғын жол менікі еді», — дейді төре. «Төре тұрғанда қара алушы ма еді», — деп Қайып төре өкпелеп, бөлініп, ауып кетіпти.

Орынбайдан бесеу: Нұрпей, Өмірзак, Қарақұла, Құлыншак, Тобышақ. Нұрпей баласы Садыrbек. Садыrbек баласы Ақжарқын, Қошқарбай, Баймұрат, Әлмұрат. Өмірзактан — Куатбек, Құрманбек. Куатбек балалары — Қасымбек, Мұсабек. Құрманбек балалары — Биқадам, Байқадам, Сүйкінбек, Мырзагүл. Тобышақтан Қерібоз жалғыз, онан Әбді жалғыз, Ақжарқын сегіз ағайынды. Белқожа Қарықбай баласы Нұрпейдің ен үлкені. Орынбай біздің бұл жақтағы Сүйіндіктен қалмаққа олжа болып қалған бала. Оны қайдан білесін десен, Орынбай ұрпағының мінезі өзге қазакта жоқ. Бір қақайса болмайтындығы, кедейлігі, сопылық, такуалыққа айналғандары, қолынан дәнeme келмейтін жаманына көніліне жақпайтын бірдеме десен, бір жылға шейін есігіңнен қарамайды.

Біздің бұл Сүйіндікте Орынбаймен бір туысқан үш інісінің ұрпағы бар. Ол інілерінің аты: Ақжігіт, Жан-

жігіт, Қармыс. Әкелерінің аты — Бесім, шешелерінің аты — Бектік бәйбіше. Орынбай үрпағында молда болса ауруға ушкіріп, дем салатұғын, тамыр ұстап, құмалак салып, үйқы-түйқы болып жүретүғындар. Шәлдірік дерт қарайтұғыны да бар шығар... Ўйден бетімен қаңғып кететүғын кезбе жындысы да болады.

Құлік Тілеуімбет ішінде Бесім қатыны қыпшақ қатық Олақ мерген қызы. Бектік келіншек күнінде қалмаққа түсіп кетіпті. Екі қабат екен. Ер ұл туып, бала тамақ ішуге жараған соң, өзі жаяу казакқа қарай қашқанда, баласына ине шаншып кетіпті. Қалмақта ұл болып жүргенше өлсін деп. Сол бала өлмей тірі болып, өсіп-өніп кетіпті деп құрттай бала күнімізде естіп едік. Оның қайда жүріп өсіп-өнгендігін қартайған кезімізде естіп қандық. «Куресерге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайды», деп текке қайнап, бармақты шайнап отырымыйз.

Тағайдың Қояншынан — Бозтайлак, Қайыпберді, Жиенбет, Қаратеке, Балық. Бозтайлактан Медет, мұнан Қарақай, мұнан Баймамыр. Балықтан — Сағиман, мұнан Лекер. Тағайдан — Тастемір, Жетес. Тастемірден — Еділбай, Жетестен — Сазанбай, Тілеміс, Өміртай, Қешубай. Сазанбайдан — Есбай, Жарбай, Есбайдан — Бөде, Қарақышы. Күні кеше Мұса Секербайдың заманында тамам қатынға бас пана болып, Бөде, Қарақышы деп атын шығарды. Қояныш Тағай бұғылы, тағылының Тағылысында ағаш үй жонатұғын кедей көп еді. Өміртайдан — Қотан, Құмырза, Қотаннан — Төкентай, Төкентайдан — Ақжан, Жаумам. Төкентайдың Котырынан Жанұзак, мұнан Куандық.

Бес бошанның біреуі Манат. Манаттан — Үйдікбай, мұнан Қоянкөз, Торым, Торымнан — Абыз, Бәйімбет, Абыздан — Есімбай, Есімбайдан — Дәulet, Қыстаубай, Кордабай, Бексейіт, Бердіқұл, Бәйімбеттен — Ниязқұл, Қойғұл, Жарқымбай. Ниязқұлдан — Жамболды. Қойғұлдан — Эйтек, Кедейбай, Таз, Байтөбет, Ергеш.

Бес бошанның біреуі Жанту. Ол Жанту тоқтауыл баласының көптігі сондай көшіп келе жатқанда бір баласы түсіп қалып, балаларына тамақ үlestіргенде бір аяқ (ыдыс) артылып қалып, бұл аяқтың ас ішетүғын иесі қайда деп сонда жоқтап, ол баланы Алшын тауып алыпты. Бала қылып асырап алыпты... Арғын болып бас қосып дауласып, бір Тілмәмбет деген жан беріп, асырап-сақтағаны үшін торы ат беріп, сонан Торы атан-

ған. Соңан бұл күнге дейін атын кісі білерлік жаңылаған...

Болатқожаның бел баласы Ақша, Түйте. Мұның Ақшасынан Бошан айтылды. Түйтеден — Майқы, Манаң. Майқыдан — Әлтіке, Сарым. Әлтікенің бәйбішесінен — Өтеген, Өтегеннен — Байдәулет, Бәйімбет, Жаңығұл, Қойгел. Жаңығұлды Жәменеке десе жұрт біледі. Әлтікенің тоқалынан — Есболай, Дос, Әлмұрат. Дос батыр болған. Қалмаққа таң атырып, күн шығармаған. Жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы Қожаназармен екеуі қолға тускен. Сонда қалмақ өлтіріп тастайық деп сыйырласады дейді. Сол сыйырласқаның құлағы шалып, естіп қалып Дос батырдың айтқаны:

Сыйыр, сыйыр етеді,
Сыр құлактан өтеді.
Сырласпаған жат, шіркін,
Әлде не етіп кетеді
Өзім өлсем боғым-ай,
Қожаназар құлыным-ай,—

деп жылайды дейді. Қалмақ мұнысын көрген сон:

Әкелі-балалы өзді-өзі кеңессін. Бірін бізге олжаға қалдырысын, бірін еліне баруға босаттық,— депті. Сонда бала үшып тұрып жылап қоя беріпті:

— Әкетай-ай, мен көк лағың болайын, мені құдай жолына құрмалдық деп қалмаққа бер де, ел-жұртынды таба гөр.

Сақалынның ағында,
Өлерінің шағында.
Қалмақтың моласында қалмай,
Қазақтың даласына барып,
Қала гөр,— депті.

Дос батыр айтты:

— Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру. Жас ұланды өлтірмейді. Өздеріне балап, ел-жұрт қылып алады. Мен елге тірі барғанда не боламын:

— Қаздың етін асадым,
Жетпіс сегіз жасадым.
Сені қалдырып мен елге барсам,
Екінің бірі, егіздің сыңары айтады,
Алысым былай тұрсын, жуығым айтады.
Дүшпаным былай тұрсын, досым айтады,

Мына жалмауыз талайдың басын жалмаған
Жалмауыз емес пе,
Жалғыз баласы Қожаназарды жалмап,
Ұялмай жылт етіп келуін қайтерсін,—

дейді.

— Сен барсан, Дос өлген жок, міне тірі деп қуанады.
Қатын алсаң, балалы болсан, сенен туған бала менің
күнімды күндердің кунінде бір алмай қоймайды,— деп
батасын беріп, баласын қайрып жіберіп өзі қалды.
Қожаназар ел-жұртына аман-есен келді, қатын алды,
бір ұл туды. Атын Жидебай қойды. Жидебай құрттай
бала кунінде тапқан шешесі өліп қалып, Қожаназар бір
тоқал алды. Тоқалдың аты Апар еді. Бойы бір қарыс,
кемпірдің кебежесіндегі еді. Жүремелете алты ұл тапты.
Алты ұл тауып жүрген иттің бес қанат үйдің ауығын
байлауға бойы жетпей, уық байлағанда Жидебайды
аяғының астына жатқызып, неше ұық бар, сөйтіп бай-
лайды екен. Ол заманда жаугершілік, жалшы жалдауды
білмейді. Біреуге біреу бұрылмайды. Апардың түрін
танаудыңдар, бір үйге қараған бейнеті Жидебайда бол-
мак қой.

Алты ит, иттің күшігіндей арасына жыл айналмай тұа
берген немелер, оның жалғызы Жидебайға бұрылар ма?
Тезек тери, от жағу бәрі — Жидебайдың мойында. Ол
күнде көшершілік қандай көп. Күнде көш, күнде көш. Үй
тігіліп, уық бауы байланатын болса, аяқ астына төсеп,
«бой өсіруге» Жидебай дап-даяр.

Қатын-қалаш:

— Шырағым-ай, көзің ашылмады-ау, өз шешең бол-
са, үй құрғыр тігілмей қалса да бүйтпес еді-ау,— дегенде
Жидебай айтады екен:

— Ол қылып жүргені маған қастық емес, достық.
Жасынан пісіп-қатып, көнтерлі, шыдамды болсын,— дей-
ді ғой. Сүт пісіргенде алтауының алдында алты аяқ,
алтауының қолында алты қасық. Қобік қалқып қүйіп
береді, мынаны жалай отырындар деп. Менің қолыма
тезек салған шанаш қапты береді, отты қалай отыр
деп, нұқып-түртіп қояды, сонысы ғана жаныма батады,—
дейді екен.

Жеті-сегізден жасы жаңа асқан кезінде Дос батыр-
дың қара шаңырағында отырган інісі Әлмұрат байдың
үйіне Қаракерей Қабанбай батыр келіпті деп Жидебай-
дың құлағына тиді. Барсам-ау көрсем-ау деп, Жидебай-

дың түн бойы көзі ілінбей алас ұрды. Таң жаңа атуға сәуле беріп келе жатқан қарсандың көзі ілініп кетіп еді. Бабасы Дос батыр түсінде аян берді.

— Балам, алашқа аты шықкан Қабанбай батырдан барып бата алып қал,— деп. Шошып оянып, ұшып түрегеліп, үстінде боз жейдесі бар, құстай ұшып бара жатса, Қабанбай батыр да жорыққа аттанып, алаңқарапта жүріп барады екен. Алыстан немене екенін айрып, тани алмады. Еліктей ұшып келе жатқан бала екенін таныған соң, тосып тұра қалды. Бала жетіп келіп:

— Ата, маған керек бата,— деді.

— Түнде түсімде Дос батыр айтып еді. Жарайсың, жарайсың,— деп бата-сатаны береді. Төрт алмажайым бар еді, біреуін саған байладым, ал, балам,— деп Қабанбай батыр журе береді. Сөйтсе төрт алмажайының бірі қызыл тұлкі деңегі болады екен. Сонысын беріп кеткен екен... Абылай хан үш жүздің баласы қазакқа хан болғанда Әлтеке Сарым Жидебай атақты батырының бірі болып, Абылай ханға қолбасы болған екен. Бір жаққа аттанарда, қосын жүргізerde Үйсіннең ақ шабдар атты алғызып, Әлтеке Сарым Жидебайға мінгізеді екен. Жидебайға айсыз қараңғы түн тал түстей жарық, борансоран ашық күндей, жан таба алмаған жерді көріп қойғандай табады екен.

Біреудің пышақ, шақпағы бара жатқанда қалған болса, айсыз қараңғы түн болса мейлі, жауыншашиң, боран болса мейлі, жүріп келе жатып, найзасын шаншып тұра қалып, ал осы жерді қарай ғой деңендеге, қалған-құтқан нәрсесін тауып алады екен:

— Сен осыны қалай табасың,— деңенде жанға сырын айтпайды екен. Жалғыз-ақ Абылай хан айта береді екен.

— Осының қызыл тұлкісі бар,— деп.

Бір жорықта жүргенде Абылай хан біреуге қадағала деп тапсырып қойды:

— Үйқтап жатқанда койнын ашып қарашы,— деп. Сол адам аңдып жүріп, қарапаулда елсіз далада жатқанында ақырын басып барып қараса, өңірінің астында, төсінің үстінде жатқан қызыл тұлкіні көріпті. Тұлкі жалт қарағанда үрейі ұшып, қаша жөнеліпті. Ханға келіп көргенін айтыпты. Көргені бар болсын, екі көзіне шел қантап кетіп, көзінен айрылыпты.

Жидебай батыр жеті қатын алған, жүз беске жетіп өлген. Адам таба алмайтыны елеусіз жерде жаудан, жұттан, зобаланнан дін аман-есен бір ауылнай (ауыл) ел жатады екен. Соны Жидебай тауып, шауып-жаншып, талапты. Сонда сол елде бір Сарықожа атанған қожа бар екен. Бұл жерді туып көрмеген жан Әмірбойы таба алмайтын-ақ жер еді дәу де болса, көзі ағарғыр, көр болғыр Жидебай гой дегеннен Жидебайдың көзі ағарып, көр болыпты. Қожаның барып аяғына жығылса да болмапты. «Ауыздан шыққан түкірік қайта жұтса мәкурік», — деген деп.

Әлтеке сарым Жидебай тамы Қарқаралының сыртында Қызылтау деген тауды басып ағатуғын Нұра өзенінің бойында, Мәшіруп күннің моласының қасында. Мәшіруп деген өзі күң екен, көп ұлтқа мазар басы болып, аты атанип қалған.

Дос батырмен бірге туысқан Әлмұраттан — Атымбек, Атымбектен — Иманәлі, Қөрсары, Тамай, Бақы, Қазыбай, Басбалдақ, Жанақ, Марлак, Төлек, Бөлек — он ағайынды болып туран.

Атымбекпен туысады Ақбота, Жарас. Жарастан — Абыл, Қабыл, Есенгелді. Әлтікенің үшінші қатынынан — Сапак, Сапактан — Жиымбай, Бофок. Жиымбайдан — Байжігіт Boқан, Бофоктан — Жәнібек, Қоянбай.

Әлтеке Сарымнан — Өтеміс, Токсан. Токсаннан — Жиенгелді, Мастан, Алдияр. Мастаннан — Қожағұл, Құлжан, Мамыр. Құлжаннан — Айдабол, Айдаболдан — Деріпсөлі, Маман, Шуаш. Шуаштан — Атантай, Ботантай, Абайла. Ботантайдан — Жанғұтты, бұл Жанғұтты Мұса, Секербай заманында ауызға ілініп, көзге түскен. Қазак жақсыларының қасқа мандайы болған кісі. Қазак орысқа бағынған соң, екі түрлі закон болған. Бірі ескі закон, бірі жана закон. Бұл Жанғұтты жана законды көрген жоқ. Ескі законда хажыға барып Мединеде қалыпты. Басына тас орнаттырып, тасына жаздырған: «Қазак, ағын Жанғұтты Ботантайұғылы. Меке мен Мединені көрмеген кісі анадан тумадым, жалған дүниенің жүзіне келмедім десе де болар», — депті. Онан бұрын (хажыға барғанын айтады — С. Д.) әулиелерді зират қыла Алатау, Қаратаяға барған. Үйсін Төле бидің басында отырып, билік айтып, төре берген төбесін көремін деп барғанда Алатау, Қаратаудың пәлені қалай, түгені қалай деп сұрағандарына айтқаны:

— Тобықты Құнанбай шыңының басынан шыққан

қайнар бұлак. Қыпшақ Үбірай қажымас қара болат, Мұса қабыршығы жоқ қолға тұрмас жылмағай қара балық. Шыңғыс төре мұсылманға сұық, орысқа жуық. Бұл сөздерді ол Қектіңұлы Сапактың бел баласы Имамберді датқаға сөйлеген. Тобықты Құнанбай, қыпшақ Үбірай, төртуыл Мұса осы үшеуі қазақ мәндайына неғып сыйып жүргеніне айран-асырмын деген.

Құдай рақымет қылсын, Жанғұтты Ботантайұғылында, Әлтікте, Сарымда атамның басы, енемнің бірдемесі қалғаны бар ма, Жанағұтты мен Жидебай батырдың аруағы еркіме қоймай жаздырып отырған.

БҰЛ МӘШҮР ШЕЖІРЕСІ ҚАЗАҚ ЕРТЕГІСІНЕН АЛЫНЫП СӨЙЛЕГЕН

Жанарыстың бәйбішесінен туған төрт қожаның бірі Қарақожа. Оナン арғын дедік. Бірі Аққожа. Бұл Ақкожадан найман, кейбір сөйлеушілер Момынкожа дейді. Найманнан жалғыз бала Шұбартай. Бұл Шұбартайды да зарығып көрсе керек. Шұбартай қыршын жастай өліп, келіншегі жесір қалса керек. Сонда арғынның көп балалары:

— Мен алам, мен алам,— деп таласты дейді. Қатын:

— Мен тоқсандағы атамның көзін бақырайтып тірі тұрған күнде жалғызының жайрап қалғандығының үстіне күңірентіп ешқайсыңа тимеймін. Мына тоқсаннан асқан атамның бір атары бар шығар деп құрбы-құрдастарына жалынды дейді.

— Атамның сиғен жерін байқандар, сідігі көпіре мекен? Жерге із салуға жарай ма екен?— депті. Сонда байқаған біреу айтыпты:

— Із салуға жоқ, бірақ көпірді,— депті.

— Бір атары бар екен. Малды аямай беріп, бір кедейдің жалаң бұт қызын қойнына жатқызындар,— дегенімен бір қыз алып беріп, қойнына салған екен. Жұмыс үстінде өкіріп өліпті. Найманның өкірек шал атанған себебі сол деседі. Шал өлді, қыз тірі қалды. Қыз сол жұмыстан буаз болып, ер үл тауып, атын Төлек атай қойыпты. Шұбартайдан жесір қалған келін осы Төлек атайдың өсуін, ер жетуін күтіп отырып қалыпты. Арғын алты ауыл болғанда Найман жалғыз-ақ үй екен дөлінген сөз ертеден айтылып жүретүғын.

Төлек атай сол заманда жұрт аузында әулие аталған. Қылыш қожаның қойын бағып қойшысы болған. Қылыш қожада үл жок, жалғыз қызы бар екен. Қыз жасқа толып бойжеткен соң, сарт-сауанның байлары құдалық сөйлесіп, балаларына Қылыш қожаның қызын айттырмакшы болып, анауы да, мынауы да қалыңмал беруге қожаны қызықтыра бастағанда қой бағып жүргеа Төлек атай қойшыларға айтқан екен:

— Бұл қазақ қатынсыздан өлейін деп жүрсе, Қожа қызын сартқа береді екен-ау,— депті.

Қойшылардан бұл сөзді естіген соң, қарқ-қарқ куліп:

— Рас айтады, сөз Шұбартайдың төлеуіне келген Тілеутайымдікі деп Төлек атайға қызын қосыпты.

Өр найман, қаракерей, садыр, матаі — төртуыл қожа қызынан туғандар.

Баяғы сарғая-сарғая сақтап, тосып отырған женгесін алып, онан бір ер үл туып, атын Қытай қояды.

Төлек атай Қылыш қожаның қызын алған соң, бай болды, әр нәрсесі сай болды. Бір асқа ат апарып қосып, аты алдында келіп, бәйгесіне бір күн келіп, ол күнге өзі аяқ салып, ол бір ер үл туып, атын Сүгірше қойды. Қүннен туған Сүгіршени Қытай айбалтанаң астына алып, өлімші қылып тастағаннан Қытай Балталы атанды да «бағанағы қайтты, бағанағы қайтты» делінгенмен Сүгірше Бағаналы атанды. Шу бойында болады, Атбасар дуанына қарайды. Бағаналы, Балталы аталаған Найман солардың үрпағы...

ҚАРАКЕРЕЙДІ СӨЙЛЕЙІК

Қаракерей баласы — Ерторы, Байторы. Ерторы баласы Қызылым, Жиренім. Жиренім баласы Байсұқ, өздері беске бөлінеді. Мендібай, Төбет, Жанғұлы, Жаңбыршы. Жаңбыршыны Ақбелбеу деп атайды. Қарамолда үш қатынның баласы, бұларды семіз Найман дейді. Байторыдан — Тайлак, Жайнак, Айрам, Майрам. Айрамнан — Қожамбет, Майрамнан — Байыс. Байсұқ малы колға түссе Байыс ата малындай көріп төлеу бермей кете береді екен.

Байыстан бесеу: Сыбанқұл, Ақымбет, Мәмбетқұл, Сары, Тоқабай. Тоқабай Сарыны Сенке сабайды делінген сез мәтел болып қалған.

Тоқбайдың жуаны Қенгенбай, бай ел болады. Білсең Қегенбаймын, білмесең дегенбаймын дейтұғыны тағы бар.

Каракерей Қабанбай батыр осы Тоқабайдан, онаң бергісі Қегенбайдан шыққан деседі.

Байыстың бір баласы Сыбанқұл. Бұл Сыбан найман атанды. Бір баласы Мәмбетқұл. Бұл жасында асқа өкнелеп қыржып отыра бергеннен Қыржы атанды. Және бір қатыннан Алдаберді, Әлмәмбет. Әлмәмбеттен — Шорантай, Шорантайдан — Мұңайтпас, Тома. Мұңайтпастаи — Тоқпак, Тоқпак, Тома екі болыс ел. Мақта апай деген бір үргашы аты шыққан.

Байыспен бір туысқан Майрам қыз деп біреу сөйлейді. Оны түркістандық Тоқтар қожа алып екі бала туған: Жанжігіт, Байжігіт. Байжігіт Мақта апайдың қолында қалып, Жанжігіт қожаға еріп кеткен деседі. Байжігіттен өрбіп-өнген сегіз болыс ел Темірсу бойында. Байысулы Ерсары мұрын атанған ел осы Ерсарыдан ескен дейді. Мұрын Ерсарының бәйбішесі, аты Ақбике екен. Мұрны зор болғандықтан байының аты қалып, бәйбішениң мұрнымен атанип кеткен. Мұрынды сегіз болыс ел бар деседі.

Мен көппін деп Байжігіт, қызайдың байжігіті мақтанады. Мен көппін деп мұрын, сыбаниң мұрыны мақтанады. Үй саны мен жан санына қарағанда мұрын көп.

Жоғарғы матайдың үш баласы — Аталық, Қенже, Қаптағай, күллі найманға ұран болған Қаптағай осы.

Аталықтың қатынның аты Қызай. Мұның атымен түқымы қызай атанды. «Білсең қызайыңын, білмесең құдайыңын» дейтұғын есер осының ұрпағынан шыққан: байжігіт, жанжігіт, бура, көкжарлы.

Аталықтан — Иманғали, мұнан Бақтойыс, мұнан Елтынды, Елтындыдан — Байназар, Қожас, Қожастан — Еске, Жортыш, Қоқанжырық, Орыс, Тоғыс, Жылқыайдар.

Қаптағайдан — Жарылқамыс, мұнан Лезінке, Жиенбет, Сүйін төртеуі де қара екен. Сондықтан бұлар қара атанды.

Ақтаз деген бір бала ғайыптан келіп, еншілес болған екен. Мұнан Әжім, Жұмық, Тіней, Сейіт, Балықшы, Кармақшы.

Әуел басында жеке батырға жекеліктен келген Шоштан бес бала... Шоштанның қызынан жұртта туып қалған Тоңболат, мұнан Басқөнек, мұнан Бокыш, Мәмбет бол-

ған. Бокыштан — Сары, Сарғалдақ. Мәмбеттен — Қарауыл. Сарының Аққызы деген бәйбішесінен — Әзіке, Шағыр, Жауқашты, Бодық. Сарының сарт қызы қатынан — Асан, Шоңғыр, үйсін қызы қатынан — Бекболат туған. Кебеп деген қатынан — Қәрішал, Қодас туған. Бір шеті Шу мен Сарысудың аяғы, Телікөл, Тата, Әшкөл, Саумалкөлде, бір шеті Есіл бойында, Атбасар дуа-нына қараған наймандар.

Бұрынғы қариялар орта жүзді жеті арыс деп сөйлей-түғын. Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уак, Таракты. Қыпшақтан Шойым алып, мұнан Ақкөбік алып, мұнан Мүйізді алып, Сарыалып, мұнан Тоқтар, мұнан Қобыланды.

Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бесеуі бір туысқан деседі. Қімнен өсіп, өнгенін айрып білуші болмады. Бұрынғылардан айтылып журген бір сөз бар еді: қыпшақ бұзады, арғын түзейді. Қыпшақтың қарасы ашуланшак, омырау келеді. Сарысының көзі өткір, тілі ашы келеді. Жақсы кезеңге таласады, жаман отыратын орыннан адасады. Жақсылар басын қосқанда әнгімені кезек-кезек айтса сонда жарасады. Екі жақсы ерікпес, екі жаман бірікпес. Бір жүйріктің аузынан шыққан сөз. Оның арғы жағы кімнен туып, қалай өсіп-өнгендігінде нем бар. «Естіген құлақтың жазығы жоқ» деген, естігенімді сөйлеймін.

Бес таңбалы қыпшақтың аналары айтқан екен деседі:

— Ұзын бітті бойыма, ерлік-батырлық толды ойыма,— депті. Қолтаңбалы ұзын қыпшақ атанады. Атыс, Кедел, Бердікей, Қырық жігіт. Анасы тағы да:

— Бұлтың бітті бойыма, көптік толды ойыма,— депті. Алып таңбалы бұлтың қыпшақ таңбасын жақтан басады: Бұғыс, Орыс. Бұғыстан — Жолаба. Орыстан — Төбет, Құлатай, Мәдният, Қодас.

Аналары және айтыпты:

— Торы бітті бойыма, кемшілік толды ойыма,— депті. Мойын таңбалы торы қыпшақ таңбасын мойнынан басады...

Аналары тағы айтыпты дейді:

— Балық бітті бойыма, байлық толды ойыма,— депті. Қарын таңбалы — қара балық атанады. Таңбасын қарыннан басады. Қөсеу таңбалы Қөлденең қыпшақ бар. Бұлардың бәрін бес таңбалы дейді.

Ел аузында ежелден айтылып келе жатқан әңгіме
Қарақыпшақ Қобыланды батыр... Мен Қара, Сарылар
Қобыландыдан бұрынғы аталары-ау деп ойлаймын.

Бұл қыпшақ екеу. Бірі шайқы-бұрқы диуананың
дұғасымен бір кісіден төксан екі ұл туған, бәрі де өсіп-
оніп, ел-жүрт болған. Қытай көп пе, қыпшақ көп пе
делінген қыпшақ осы. Бұл қыпшақ манғол татардың
манғолынан шыққан.

Бірі арғын қыпшактың қыпшағы, мұнан шыққан
Қобыланды батыр.

Бұлтынан — Бофыс, Орыс. Бофыстан — Жолаба, Жо-
лабадан — Есенгелді, Абыл, Қасым. Орыстан — Тәбет,
Құлатай, Мәдияр, Құдас. Тәбеттен — Еламан, Қосайдар.
Құлатайдан — Қосқел, Қоскелден — Қарике, Нарбота,
Әжібай, Асан, Әлібай, Құдасттан — Жарымбет, Қосқұ-
лақ, Еламан. Қосайдардан — Ішкен, Қожан. Ішкеннен—
Бегалы, Бегалыдан — Тілеуберді, Қожаннан — Сүйірқұл,
Сүйірқұлдан — Үмбетей, Жарылғап, Есіркеп, Егізек.

Сейтімбет, Ақпейіш, Айтқұлы, Қөрлеуіт, Сейтімбет-
тен — Борбас, Қөрлеуіттен — Нияз, Қожамжар, Алдабер-
ді, Айтқұлышдан — Құттыбай, Қойбас, Жарас.

АҚБУРА

Ақкошқар, Тілеулі, Жетібай, Қенже, Қекен. Ақкош-
қардан қара Алтай. Қара Алтай балалары — Мұратай,
Шәуке, Байшуақ, Жарқынбай, Қарқынбай, Мырза.

Шәуке балалары — Қарсұн, Керней, Бәйбөрі, Қөшім,
Шашар, Қазыбек. Тоқалынан — Бекболат, Тасболат,
Тасыбай. Қарқынбайдың бәйбішесінен — Тоқтар, мұнан
Ақберген, Әйкен... Қара Алтайдың тоқалынан — Айыр-
бай, Бөрібай, ақын Қыпшақбай. Бөбібай ақыннан — Ко-
былан ақын. Мұраттан — Майқы, Төлеміс, Жаныс, мұнан
Әбділда. Майқының Ерке деген қатынынан — Құттыбай,
Құлжан.

Жетібайдан Есен тентек, Есен тентектің балалары —
Айыrbай, Батыrbай, Қарамырза, Балта, Аtabай. Айы-
байдан — Шаншықұл мұның балалары — Бабыр Қожақ,
Қожақ баласы — Есір, Батыrbайдан — Балғабай, Қожа,
Қошай. Балғабайдан — Мәдібек, Мәдібектен — Қайып,
Қайыптан — Әбен, Ахмет. Бұл екеуінің шешесі Шүркей...
Мұстафа қызы. Бұқабай Өгізбаймен бір туысқан.

Ахмет баласы — Судыр, Мағызым. Қарамырзадан — Жылған, онан Нәкібай балуан! Айыrbай, Батыrbайлар ел жайлауға көшіп бара жатқанда корасанин өлген. Аңы бойында Құрттыда моласы бар. Қасында Шанышқұл бар, үшеуі бір жерде...

ШӘҮКЕ ТАРАУЛАРЫ

Кернейден — Елубай, мұнан туады Әбіжан, Қайке. Әбіжаннан — Әbdілда, Қарсұннан — Сырлыбай, онан Шәйке hәм Уызбай.

Байбөріден — Жантас, Айтас, Қанжығалы. Жантастан — Тәшкенбай молда. Айтастан — Әbdіlда, Айділда, Айділданың екі баласы бар, Әлжан, Айбаділда. Қазыбектен — бір ұл, бір қыз. Бұл екеуінен де тұқым нәсіл жоқ.

Бекболаттан — Лекер, Шалқыман диуана атанған, хажыға барып өлген. Мұның баласы Файсабай диуана, мұнан үш бала бар...

Жатар, Тұrap екі ағайынды. Жатардан тұқым жоқ. Тұrapдан — Жақып, Жақыптан — Әdіlbай хажы, Ақшал. Әdіlbай хажыдан — Нұргали. Тұrapдан — алтау, үшеуінен тұқым бар, үшеуінен тұқым жоқ.

Бұл Жатар, Тұrap Қарқынбай мырзаның құлқотаны.

1721-їнші жылда (ақтабан шұбырынды) болды деп «Қалқаман — Мамырда» айтқан.

Мамай тобықтының бір табының атасы. Өзі Жұмағұл баласы, Мырза Мамай екі кісінің аты.

Қабекен-Кенгіrbай биге қойылған ат. Қабай дәлінген, Абай дегендей. Жуантаяқ тобықтының бір тапелінің аты.

Қанжығалы Боктыбайдың жасауын үрлаған, осы Мырза Мамай екен деседі. Қөп арғын шауып, талап алады деп, найман ортасына ауып барған.

Солай болғаны үшін Еңлік-Кебек жұмысы болған уақытта арғынға беттей алмағаны. Сол тобықты Құнанбайдың бір шешелері Алтықатын атанған. Осы Алтықатын Өскенбайдың шешесі, Ырғыzbайдың қатыны.

Үрғыzbай, Жігітек, Боккөт. Бұл үшеуі Олжайдың балалары. Сондықтан бұларды үш Олжай деседі. Бірі

Өскенбай тұқымы Құнанбайлар. Бұл Үрғызбайдан бері жігітек тұқымынан. Оң бір жыл Құнанбаймен қағаздастан Бөжей шыққан, Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопандар шыққан. Бірі Қоқкөт тұқымынан Соқыр Оразбай шыққан.

Каракесек Жарылқаптан шыққан Балта ақын өзінің бір немере қарындасын алып қашып, Құнанбай еліне барып, қатын қылып алып кеткен. Сөйтіп жүргендеге бір күні Құнанбайдың үйіне кіріп барғанда Құнанбай былай деп өлец айтқан:

Ақ құрлар, қара құрлар, құрлар-құрлар,
Бұрынғы хақиқаттан сөзін жырлар.
Қарындасын қатын ғып алып қашып,
Ел аралап жүреді-ау арсыз мұндар!

Сонда Балта ақын айтты дейді:

Ақ құрлар, қара құрлар, құрлар-құрлар,
Бұрынғы хақиқаттан сөзін жырлар.
Баласы әкесіне балта жұмсап,
Шешең жынды қатын ғой бәдік мұндар! —

депті.

Құнанбай дәнeme дей алмапты.

Құнанбайдың үйінің сыртында тоғай бар екен. Сол тоғайдан Құнанбай бір бұрау алдырмай өсірген екен. Бір күні тоғай ішінде ағаш кескен дауыс естілген соң, Құнанбай қолына балта ала жүгірді дейді.

— Ағаш кесіп жатқан әкем де болса, аузын ағаштай турайын,— деп. Барса әкесі Өскенбай екен. Әкесін турай ала ма? Ұялып қалған екен. Балта сонысын айтқан дейді.

Құнанбай мен Балта ақын құрдас, екеуінің жылы қой екен.

Қанжыгалы Ішпек, Піспек. Піспекбайдан ұл жоқ, қызы бар. Ол қыздан өрбіп өнген қуандықта өр Алтай, төменгі Алтай бәрі де Піспекбайдың қыздарынан туған.

Ішпектен — Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан — Есен, Бозым. Бозымнан — Эжібай, Эжім, Эжімбет. Алты атаниң ұлы Эжібайдың екі атасының баласы Қаратілес, Қарабожыр, Ақтамақ, Ақбозым. Ақтамақтан — Құдайберді, Құдияр, Қара, Амалдық, Сары. Құдайбердіден — Досқана, Киікбай, Малай, Абыз, Шомақ. Досқана Төлекесінің түбі — тегі қалмақ.

Қарабожырдан — Мұрат, Байболат. Мұрраттан Сегіз туады. Сегізден — Құнан, Байболаттан — Шыңғыстың Жұмабектері сонан тарайды. Қаратілестен туғандар тентек қанжығалы атанады... Әжікеден — Байдалы, онан Ташым, Шолан деген біреуі бар. Оның қай жерден келіп орын аларын айыра алмадық.

Өтеген батыр болған кісі. Елғонды деген баланы қалмақтан алып қашып келген...

Алмашының қызынан туған — Жантай, күннен туған — Қойлыбай, Корлыбай. Бірі қыздан туған, екеуі күннен туған, бұларды үш жиен деп сөйлейді.

Есен — Бозымның Есенінен еркек тұқым жоқ.

Есеннің жеті қызы болған. Жеті қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір бала асырап алып, бала қылған. Қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандан дырған: Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Бошқандай, Есіркеп, Нияз, Жолымбет. Бұлардың жеті ру атанғаны сондықтан.

Ұзын оқты оннан бол, қайдан болсан, соннан бол деңгедей, онан-мұнан басы құралып Қанжығалы болды.

Қанжығалы кісі аты емес, қараның ханы болып басына алтын жыға орнатқан. Сонан қанжығалы атанған деседі. Кейбір ескі сөз сөйлеушілер жауға аттанғанда қанжығалы болып, қанжығасы құр келіп көрген емес. Сондықтан қанжығалы атанған деседі. Шешесінің аты Момын, атасының аты Ақсопы, Толыбай ұранды Қанжығалы атанған.

Әжібайдың баласының бірі Құдияр, Құдиярдан — Ақдәulet, Келдәulet, Ақтайлак, Қорым, Жанат. Ақдәuletтеннен — Алтыбасар, онан Жұндібай, Шара. Жұндібайдан — Әбен, онан Есімбай, Бесімбай. Қараның бәйбішесінен — Елібай, Сары, тоқалынан — Жәдігер. Жәдігерден — Тоқсанбай, Сатыбалды, Мәмбетбай. Тоқсанбайдың бәйбішесінен — Жанұзак, Байұзак, Құлжан, Бертіс. Жанұзактан — Бегайдар. Тоқалынан — Сазан, Байұзактан — Айдабол, онан Отас, онан Еркіnbай, онан Элмағамбет, онан Аскар, Бертістен — Тезекбай.

Сарыдан — Жылкелді, Қойбас, Айбас. Жылкелдіден — Ақжігіт, онан Томан, онан Қулен. Қуленнен — Исаmbай, Қожан. Асырап алған баласы қанжығалы Мұстафа. Бұл Мұстафанның өз әкесінің аты Салпаң еді. Салпаң сарт атанған жер аты бар. Қара Мұстафанның артында нәсіл-жұрагат жоқ, Жақсыматта тамы бар, аты сонда қалды. Қойbastan — Тұрсынбай, Есілбай, Тұр-

сынбайдан — Жаманшы, Есілбайдан — Нұрпейіс, Та-
кан. Нұрпейістен — Ток, Тілеу.

Қараның қара шаңырагы Жәдігерде. Жәдігердің
қара шаңырагы Мәмбетбайда. Мәмбетбай төрткүл ошақ
қаздырып, төбел бие сойдырып, бір келімсек жігітті
бала қылып, асырап алыш, атын Алдаберді койған. Өзі-
нің екі баласын былай койып, қара шаңырағына ие қыл-
ған. Сол Алдабердіден — Құттықожа, онан Мәңкебай,
онан Сарыбел, онан Молда, онан Лекер хажы, онан Жа-
қып, Қызыл алғаш келген кезде Шақшан еліне исполком
председатыл болды.

Тексізді төрге шығарып,
Тендік тимес құлынан, —

деген Бұқарекен сөзіне дәл келді.

Қанжығалы ішінде сіңісті болып өсіп-өніп кеткен
қарақалпақ бар, Қызылқұлакта бар. Нағызынан бұта-
шатасы көп. Сондықтан сүттей үйып, қатықтай қатып
тұралмады. Ең мактаулы зоры Бөгенбай.

Қанжығалыдан Бөгенбай батыр шықты. Уш жүздің
баласының кәрі құлактысынан ақымыз бардай қадалып
сұрадық. Түбін, тегін білуге:

— Бөгенбай әкесі Ақша, Ақша әкесі Әлдекүн, Әлде-
күн әкесі әлде кім дегеннен басқаны білмейді. Әлдекүн-
нен екі бала Әлібек, Ақша екеуі бір туысса көрек.

Ақшадан екі бала: Қөлбай, Бөгенбай. Қөлбай есер-
еселандықпен бір аста Әлібектің үсті-басын майлай
берген сықылды. Сонда Әлібек айтқан екен:

— Ерке баладан жынды бала көп жақсы деген осы
екен-ау. Мынау өскенде менің тұқымыма таң атырып,
күн шығармас,— дегенде, Ақша тұрып:

— Мұны айтасың ба, үйде бір шойқара бар, тұқы-
мың соның тепкісінде шіриді,— депті.

— Ендеше мен тұқымымды оның тепкісінде шіріт-
пейін,— деп бөлініп көшіп кеткен. Сол бойымен бөлек
өсіп-өніп, Қекшетаудан әрі Әлібек қараған деген жер
бар, үрым-бұтағы сонда деседі.

Ол айтқан шойқарасы Бөгенбай батыр болып шы-
ғыпты. Бөгенбай батырдың бәйбішесінің аты Баяу. Мұ-
нан туған Тұраналы, Нұрымбет. Тұраналыдан — Бақан
би, мұнан Саққұлак, Саққұлактың бәйбішесінен — Бек-
тұрған, Жұман, Нұрмагамбет, Бәйімбет, Талас қызы
тоқалынан — Әжімбет, Нұралы, Ерәлі.

Нұралы қыршын жас, болыс күнінде өлген. Саққұлақ сонда:

— Жалғызым-ау, жалғызым,— деп зарлаған екен. Қөрге салғанда Бөгөнбайдан келе жатқан кәрі әруақ, қара бақі көзім тіріде сені қолымнан көрге салдым-ау деп боздаған екен. Маңайында болғандар:

— Перзентсіз, баласыз емессіз, алтауы аман түрғой дегенде:

— Орыстың оразасындай бірде бар, бірде жоқ көшпелі шіркінді не қылайын,— деген екен.

Саққұлақ өзі болыс күнінде, қыпшақ Ыбырай аға сұлтан дуанбасы екен, жүрттап жиятын алымта үшін балаларының бірін жіберіп, қасына Жаншуақтың Мұсасын қосады екен. Басқа балалары барғанда дәнеме жоқ, Нұралы барғанда жүрт:

— Саққұлақтың өз баласы жаңа келді ғой,— депті.

Бөгөнбай батырдың қалмақ қызы Қамырқан деген қатынынан — Жылқыбай, онан Төлеген мырза, тағы бір қалмақ қызы қатынынан кісі білмейтүғын уақтүйек толып жатыр.

Төлеген бай, шексіз мырза болған. Ас сайын алты атанға қымыз артып барады екен. Қыстауына қырық сан тастап кетеді екен. Өзі отыз бес жасында көксау болған екен. Түні үйқы көрмей жөтеліп шығады екен. Жөтележөтеле жалығып, тірліктен безер болып:

— А, құдай, иман бер,— дейді екен. Бір кой күзеткен Бітемше деген күзетшісі андал келіп, тұсында тұрып:

— Бердім, бердім,— дейді екен.

— Құлдық құдай, құлдық,— деп сүйсініп қалады екен. Таң атқан сон, ауыл-аймағы, балалары:

— Ол Бітемше ғой,— дегенде:

— Қім болса, ол болсын, беруші берді, мен алдым,— дейді екен! Иман алғанына берік әбден сенімді екен.

Өмірбай қатынға жатқанда суға түспейді екен. Оны ұнатпағанға беретүғын жауабы:

— Бұқа бұтын жуа ма, айғыр бұтын жуа ма, қошқар бұтын жуа ма, құтын жуған она ма,— дейді екен. Өзіміз Төлеген мырзаны әулие ғой дейміз, ақжүрек, арамдығы жоқ.

Құдай рақмет қылсын, Шоң би қатынына қатысқанда қыстай ағаш кертеді екен. Жаз шыққанда көлге түсіп, ағаштың кертігін санап, басын көлге тығып тазалаңады екен.

Үкібайға құдай рақмет қылсын, суға шомылумен жұмысы болмайды екен. Құрбы-құрдасы көп ортасында ұялтамын деген сиңаймен сол жұмысын айта қалса:

— Күнәлі болған көтімді жудым, бейіске барап бетімді жудым. Осы шіркіндер, маған мұнан артық не қыл дейді,— деп қайрып тастайды екен. Айтушы құрдасы Орманшы би Қойшыбай дейді де, айтқан жері дуанбасы күнінде Мұса мырзаның алды дейді.

Қазақ орысқа алғаш қарағанда Иван Семенович деген бөлкебай келіп, Баянаулада қала салдырып, дуан алғаш ашылғанда дуанбасы, қазы, болыс сайлаған. Шон би дуанбасы, Тайжан қазы болған. Сонда қанжылғалы атындағы ел ойдағы-қырдағысы бір болыс болып, болыстықты алған. Қиікбай Малай-Бозай баласына болыстығын жолға байлаған. Ол айтыпты:

— Жолды маған байлағандарың рас болса, мен Әжікенің Дәненіне бердім. Дәнен күндердің күнінде кімге берсе, өзі білсін деген. Сондықтан қанжығалыға ең алғаш Дәнен болыс болған. Дәнен өлерінде өз балаларына байламай, жолды Әлдебекке берген. Әлдебек болыс күнінде Ерейменнің Қызылағашында айтып отырады екен:

— Осы Қызылағашқа Қараөткел, Ақкөл, Құрман, Доғалақ үшеуі бірдей. Үйден шыққан күні Қараөткелге де қонаға барамын. Ақкөлге де қонаға барамын. Құрма-Доғалаққа да қонаға барамын деп. Әлдебек өлерінде болыстықты Дәнен балаларына байламақ болған. Мұстафа деген баласы тілін алмай, өзі болған. Соған өкпелеп Қанжығалы еki айрылған. Жетіру мен Әжібай Баянаулаға қарап қалып... қарабожыр, тентек қанжығалы Ақмолаға қарап кеткен. Қанжығалының қақ жағылған жері сол.

БӘСЕНТИІН, СЫРЫМ

Мен өзім Павлодарда тұрдым. Керекудің ол жақ, бұл жағына қатынап жүрдім. Шежіреге жүйрік, ата білетүғын жанды таба алмадым. Бұрын, жазып алып жүргендер кім көрінгеннен сұрап, айтқанын жазып ала берген. Менің сұрыптаپ, ақ тарыдай актарып жазғаным осы.

БӘСЕНТИН

Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Ақмайданнан — Көкшекөз, бұл Қөкшекөзден — Бәйімбет, Жолымбет. Бәйімбеттен — Бейсен, Жаманай; Қоянбай, Қөшен, Шөрек, Тацатар.

Бейсеннен — Таз, Бекі, Шоқай, Өтен, Матай. «Бейсеннің бесеуі» делінеді. Матайдан — Қаржау, Өмір, Қойбак. Бұл Өмір би қара қылды қақ жарған, ауыл би болып атағы шығыпты. Мұның бір қара төбеті болыпты, төрінде жатады екен. Төрт аяқты, қайқы құйрықты болғаны болмаса, ит деп айтуға бір жанның аузы бармаса керек. Өмір би:

— Құтым, құтым,— дейді екен. Сонан «Құтым» атанип кетсе керек. Бір күні өзінің де, сөзінің де бір бастас би қонып отырып сұрады дейді:

— Мұны мұнша ардақтан ұстағаныңыз қалай? — деп.

Сонда Өмір би айтыпты:

— Бұл ит емес, ырыс. «Жеті қазынаның бірі» деп айтылған анық осы. Бұл жазғытүрим мал төлін төтіп жатқан кезде жас қозыны, жас лақты, жас бұзауды, жас құлынды, жас ботаны алып келеді. Алып келгені мал болып өсіп-өніп малға қосылады... Жалғыз-ақ бір басты, екі аяқты адам баласын алып келген жоқ депті. Осы сөзді айтқаннан кейін қара төбет жоғалып кетіпті. Бір жұмадай жоқ болып кетіп, бір жас бала алып келіп, еркелеп тұр дейді. Өмір би:

— Бұл Құтым алып келген «Құттыбайым» деп атқойған. Сол Құттыбай өзі өсіп-өніп, Қаржауды көбейтіп, берекелендірген осы Құттымбай деседі.

Бәйімбеттің жолымбетінен — Мандай, мұнан Сәміке. Майданда оқ шашқандай от шашатын сырттаны Бәсен-тін, ер Сырымбет атанған батыр осы Сәмікеден шыққан. Кешегі Жәнке де, Нұрташ молдалар да осының үрпағы еді.

Жаманайдан — Қайсары, Қозыбак, Ырысбек, Сағанай, Тайлак... Ырысбектен — Шақабай, Қарабатыр, Бекебай, Шақабайдан — Жәнібек, Эйімбет. Жәнібектің Кейікі деген бәйбішесінен Сарықұл, Айқұл, Байқұл. Қалмақтан өзі барып олжалап алып келген токалынан Сорыпкел, Манамбай, Айқұлдан — Жаманбай, Мұса, Боктыбай. Жаманбайдан — Тасболат... қара Мұса атанған. Мұнан Омар, Имаш, Жәнібек батыр. Бір барған

жóлында қалмақтан екі қыз, қырғыздан бір бала алып келген. Екі қыздың бірін тоқалдыққа өзі алып, онан Манамбайлар туған. Біреуін қойсары Байқожаға байлақ, ол Байқожа асырап алған баласын Қалқаманға қосып, қара шаңырағына ие болатұғын жалғыз баласы Жұмағұлмен еңшілес қылып, қара шанырағына ортақ қылған. Жұмағұлдан Ақжан, мұнан Жүсіп, Қалқаманнан — Байтілеу, мұнан Эжібай, мұнан... Сүлеймен хажы. Қырғыздан алып келген баланың аты Бертіс, онан Қуренше тұып, онан Олжабай, Олжабайдан — Айтбай, Айтбайдан — Сейіт, Ахмет. Он шақты үй бар шығар. Қімсің дегенге Үрысбек, Манамбай аулының іздейді. Сүлеймен хажыдан кімсің дегендеге Қойсарымыз дейді. Өзі Қалқаманның тұқым-жұрагаты.

Молда Мәшһүр Жүсіп Қөпейбаласының жинаған сөздері

Маған көктен Жебірейіл періште рухы келтірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған қазакта шежіренің нұсқасы жоқ. Естіген құлақтың жазығы жоқ... Естігендің деген шежіреші атанды.

Керекуге жиырма бес шақырым жерде Құрман тұзы деген тұз бар. Сол Құрман Қыпшақ екен де, өзі мейлінше бай болған екен. Жылқысының есеп-санын өзі де білмейді. Жалғыз баласы болыпты.

Күндердің бірінде салт атты, сабау камшылы, бір бөрі тонды, бөрте атты жігіт келіп, бала болыпты. Малғашын жаны ашып қарағандықтан жылқы билігі сонда болыпты. Байдын жалғыз баласы сері болыпты. Он жігітпен жүреді дейді. Жазғытұрым бие құлын төгіп жатқанда бай баласы жылқы аралапты. Жана тұып жатқан қара құлынды сойып, терісін ала беріпті. Осы жүрген он бірімізді де бір түсті қылып қара құлын жарғақ килеміз деп. Бөрі тонды, бөрте атты жылқышы мұны көрген соң, іші күйіп жылап, долданып байға келіпті:

— Бай, маған батаңызды беріңіз, малға менің иелігім болмады. Мына корлықты көріп жүргеннен өлгенім артық деп... Бай жалынып-жалпайып тоқтата алмайды:

— Мен риза, құдай риза, осы жылқының қақ жарымын ал,— депті.

— Жоқ, бай, бір тай да алмаймын, батаңды бер,— депті.

— Жок, балам, дәнeme алмай кетсөн, бата да бермей-
мін, ризалығым да жоқ,— депті.

— Олай болса, теңбіл көк сәүрігінді бер, үйірінде бес
байталы бар. Соны үйірімен берсеніз, шын батанызды
бергенізді сонан білемін,— депті.

— Уа, шырағым, маған күт болған, қыдыр болған,
көбікті көктін тұқымы еді. Өзімнің аузымды көбікті
саумалға тигізген жануарым еді. Мал қадірін білмеген
ку жалғызға болғанша, мал қадірін білетүғын сенде
болғаны жақсы,— деп, батасын берген екен.

Байдың батасын алып, алты түяқ жылқымен Ертіс-
тің бер жағына өтіп, Апай деген жесір қатынның қызын
алып, онан бес бала туады: Келден, Қыстау, Қақа, Са-
тыбалды, Жанбыршы. Малы да, басы да өсе бастайды.

Жоғарыда айтқан мaldың «Көбікті көк» атанды
жүргені биеге шапқан айғырдың касасынан ақ көбік
шұбалып, үзілмей алып тұрады екен. Соны Бөрі өз ала-
қанына тосып алып, балаларына әкеліп жалатады екен.
Бір баласы жаламайды екен. Сол жаламағанның үрпағы
ана төртеуіндей болмады деседі, жарлы-жақыбай, өсім-
сіз-өнімсіз болды деседі.

Жесір қатын Апай атанған — Қаракесек қатыны еді
деседі. Байы өлген жесір қатын үй-отанымен, қара-құ-
расымен төркініне келген. Артынан Қаракесек іздеп,
келіп, бұрын да тапқан балашағасы болса керек, екіқа-
бат кетіп еді десе керек. Ер ұл тапқан екен де оны бөтен
бір жерге асыратқан екен. Екіқабат келмеді деп, жан
беріп, нандырып алып қалған екен. Қаракесек көзі, бар
балаларды алыш қайтыпты. Жесір қатын байсыз отыра
ала ма? Бұл жакта тиген байынан бала туып, «Апай,
Апай» аталған атпен рұым-бұтағы «Апай» атанды,
Апаймен Бөрі оттас, ораздас болып кеткен. Біздін жакта
тұрған биік Бөгембайды сол Апайдың аузынан туған
бала осы дейді. Мұның рұым-бұтағы осы Баянаула
бауырынан жанада кетсе керек. Бөрінің бел баласы
Келден қыстауы екен дейді... Баянаулада бір асуды
Қазанғап асуы дейді. Бөріден шықкан, атағы жер жар-
ған Қазанғап қыстаған жер дейді.

Қөп арғынның жолаушылары келе жатып он екі жа-
сар бір бала тауып алады. Бәсентиінге байлайды, сөйтсе
ол бала:

— Қожант шәһірінікімін, хан баласын ойнатып жүр-
ген балалар едік, ортамыздан хан баласы суға кетті.
Сонан соң барсак бізді хан өлтіреді ғой деп, тоз-тоз бо-

лып, жонға қашып шығып кеттік. Тұбім-тегім түрікпен еді деген соң, Бәсентиін бала қылып алыпты. Мұнда келген соң, жерінде көрген өнегесі болған соң, балық аулайтын бала болып, «балықша түрікпен» атанып, күні бұл күнге шейін тұқым-жұрағаты, үрпағы бар дейді. Және келе жатып бір жас сұлу қатын тауып алыпты. Сонына еріп жүрген бір кішкене баласы бар дейді.

— Бұл балаң кімдікі? — дегенде:

— Өзімнің күшігім,— депті.

Ол қатынды да Бәсентин алыпты. Койнына жатқанда буаздығы білініп:

— Бұл қалай? — дегенде:

— Бұл жанға айтпайтығын сырым,— деген екен. Сол баланың атын Сырым қойған екен. Осы екі бала қатын алып, өсіп-өніп, бірінің тұқымы «Күшік» атанып, бірінің тұқымы «Сырым» атанып, ел-жүрт болып кеткен. Күндердің күнінде осы қатынның артынан жоқшы келді дейді. Белгілі байы жоқ, қыз күнінде бала тауып, тағы буаз болған соң, өз үйінен өзі үялыш, қашып шығып кеткен екен. Белгілі байы болмағандықтан ешкімнің де сөзі болмады. Қатын да, екі бала да Бәсентин олжасы болып қала берді дейді.

Сырымнан тарайды: Танаш, Жабық, Мұрат. Мұраттан тарайды: Дөнен, Сегізбай, Сасық, Бестібай, Тенізбай, Алтынбай. Жабықтан тарайды: Болай, Самай. Болайдан — Тілеу, онаң Өтебай. Самайдан — Сексенбай, Тоқсан, Досым. Токсаннан — Қара, Қысырау...

...Самайдан Досым, мұнан Токтауыл батыр, мұнан Малайсары батыр, мұнан Тілеуқабыл, мұнан Бесмолда, мұнан Арап... мұнан Омар... Малайсары батырдың тоқалынан Жолдыбай, мұнан Садак, мұнан Қашқын, Козғанбай, мұнан Тұран, мұнан Қабдімжас жігіт балалышағалы.

Самай баласы Досымнан — Төлебай, мұнан Нарымбай, мұнан Ыбырай, мұнан Қыстаубай, бала-шағалы Керекуде тұрады.

Сырымның көбі Жабық болады. Қазанғап баласы Дөнентайлар. Бұлар да Досымнан. Қысыраудан... Сырым... батыр болған, мұның балалары Байжан, Бекше батыр. Байжаннан... Әлтік, Козыбак, Құдайқұл, Қосай. Бекше батырдан — Төпек батыр, өзі жалғыз туып, қара жарғақты, күрең атты атанып, қыршын өліп, тұқымсыз кеткен.

Күшіктен — Жылқайдар, Итемген, Қанғелді, Қайып, Кенжебай, Бәйімбет.

Мұрраттан — Аралбай, Бәйсейіт, Жауқашар, Жаубасар. Аралбайдан — Токпан, Ақпан. Бәйсейіттен — Барак, Жабағы. Жауқашардан — Сарымырза, Баймырза, Жаубасардан — Тілеуберді, Куат, Саржан. Ырықұлдан — Шыңдауыл, мұнан Кошқар, Мойнак. Төрт сары тоқпан ұрпағымыз дейді.

Тоқмайданнан — Қатыс, Қатыстан — Маңдай, Тілмәмбет. Маңдайдан — Айты, Есенгелді, Андас, Келдес. Андас бір жаугершілікте буаз катын олжалап алған.

— Кімнің қатынысын,— дегенде:

— Сарай Кентте Сарыабыз деген атақты кісінің қатыны едім деген. Іштегі бала ер ұл болып туған. Бұл иманы толық жерден бітіп келген бала деп атын «Иман» койған.

Алтын Орда атанған Жошы ұлысының ұлкей ханы тұратуғын орын екен. Ноғайлар оны Сары кент дейді екен. Бұл Сарай Кент бұл күнде Еділ суының бойында, Аштарқан мен Саратыптың аралығында, Тысарып деген қала.

Иманнан — Өкей туады. Өкейдің бәйбішесінен — Есенбай, Есенбайдан — Бағай, Серкебай. Ортанышы қатынын — Тілеуберді. Тоқал қатынынан — Дәuletбай туады. Дәuletбайдан — Тілеуқабыл батыр туады. Тілеуқабыл деген аты қалып «Батыр» атасып кеткен.

Бұл батырдан — Түгелбай, Құндақбай, Серкебай, Еділ, Еркебай, Қабанбай. Түгелбайдан — Құрамыс, Құрамыстан — Сәрсен, Сәрсениң бәйбішесінен — Тұрсынхан, тоқалдан — Ұсмайыл, Самарқан, Тұрсынқаннан...

Тілеуқабыл батырдың тұңғышы — Ақша, мұнан Дәріпсәлі, мұнан Тақатар, мұнан Жұсіп, Қали молда, мұнан аксақ Қамит...

Иманнан Жирентай, мұнан Орал, Байқұлак. Бұлардың заманында қалмақ шауып, тоғыз салт атты, сабау қамшылы найманға қашып барып, онда да қалған, мұнда да келгені болған. Бұл Орал, Байқұлак тұқымын Боранбай деседі.

Иман десе Иман екен. Ат — арыстан, нұр бейістен хақ сөз.

ОРМАНШЫ ТАРИХЫ

Сүйіндіктен — Оразгелді, Сұғыныш, Сұғыныштан — Шұманақ, Мәжік, Шұманақтың қатынының аты Жолбике. Мұнан үш үл туады: Жанболды, Құлболды, Жолболды. Жолболдысы — Орманшы. Орманшының үш баласы: Өтек, Қайдауыл, Тілектілес. Бұл соңғы ат қалып, «Қасқыртұмақ» атанаپ кеткен. Өтек өзі Орманшының тұңғышы екен, екі інісіне катал болған. Ел көшкенде бөтекесі шайқалады деп бүркітін жаяу алғызып жүрген.

Өтек балалары: Жаксылық, Карабай, Шобалай, Бағай. Жаксылықтан — Сұңқар, Байғұл, Алакөз, Әлімбет.

Қасқыртұмактан — Ақпан, мұнан Шақұлан, Қосай, Қойбағар, Күшіген.

Қайдауылдан — Есенқұл, Мәуке. (Мәуке қатын аты, өзі тоқал қатын) Есенқұлдан — Бекқұлы, Тоққұлы, Аққұлы. Бекқұлыдан — Нарторы, Ақсары, Шотана, Нарбота, Тайгелді, Ес, Дос. Аққұлыдан — Ақбике, Балға, Есенәлі, Деріпсәлі, Бармак, Қыдырәлі. Мәукеден — Кеспелік, Тұрмелік, Елік, Сақау ақын осы Еліктен шыққан. Қарағайлы көлі Нұралының «Қарасуы» атанған. Нұралы Өтектен шыққан. Оның үрпақтары Байсақ баласы Балқожалар. Отырған жерін Тайбай көлі дейді. Ол да орманшы Қайдауылдан шыққан.

КЕРЕЙ ТАРИХЫ

Қөрсары, Ақсары. Төрт сарының нәсіл-жұрағаты орысқа қараймыз деп Алатау, Алтай тауларынан асып кеткен. Олар бұл кунде Қытайға карап қалды. Мейлінше бай болған, бодамсыз керей атанады дейді.

Қөрсары. Ақсарыны Тұрлыбек Ақмола обласына орналастырған. Қөксарыдан — Есбол, Есенәлі, Есенәліден — Құдайқұл, Құдыс, Жібек. Құдайқұлдан — Құдайберді.

Жібектен — Жанбыршы, Жәнібек. Мұнан — Жанғабыл, Досай туады. Соқыр Жанғабылдан алтау туады. Бірі — Сүйінбай, Сүйінбайдан — Ақыл бес ағайынды болған. Қөтібак баласы Қызылтауда туғандықтан атын Тау қойған. Ақыл сексен ішінде туғандықтан атын Ақыл қойған. Өз замандарында Ақыл, Тау атанған.

Ақылдан тоғыз. Бәйбішеден — төртеу, тұңғышы — Асаубай.

Асаубайдың кенжесі Бәзіл хажы атанған. Қыстауы Сілетіде, Ешкіөлместе. Бәзіл хажыдан Ғұбайдолла, Бопкен. Бопқен балалары — Жиіпалла, Нұрхамит. Бұл екі баланың қара орманын сыйрып алып, Ғұбайдолланы Омбыға, Болкенді Семейге жер аударған. Бұл Бопкен Семей барамын деп Қызылтау бауырында атын ұрлатып, жаулап қайтып, Ескелдіде отырған, құдай рақмет қылсын, Мәшһүр Жүсіпке кез болып:

— Қатын-баланды тауып ал,— деп бір шабдар атты басы-байлы өзінікі қылып мінгізіп, коя береді.

Сол Бопкен айтты:

— Козғаннан шыққан Түйте тәуіптің моласы біздің қысты құнгі қотанымыз,— деп. Үстіне ағаш шыққан, шенгел де шыққан. Ағаштан жасаған моласы бар. Бұл құнгे шейін тозған жоқ, құлаған жоқ,— дейді.

БҰҚА, ҚӨБІР ТАРИХЫ

Бәсентиін ішінде Бұқа, Қөбірміз дейді. Бұқа, Қөбір кімнің баласы десен, экесінің атын жан білмейді. Қөзімен көріп, қолымен туғызып алған ешкім жоқ. Айтушылардың айтуы:

— Бұрынғы зымандарда Бұқар, Самарқан хандарының біреуінікі болса керек. Татарбай деген құл екен (Сол кезде асбашыларын Бөгөуіл дейді екен — С.Д.). Бұл құл сол ас жасаушыларға қожайын екен. Қазынаға қиянаты білінген соң:

— Елге-жүртқа жолама деп, жер аударып жіберіпті. Ол заманда жер аударғанда Сырдәриядан әрман өткізіп тастайды екен. Қаңғып жүріп, жеке-саяқ бір қаңғып жүрген қатын кез болып, екеуі қосылып, ерлі-байлы болып жүргенде буаз болып, егіз ұл тауып, бірінің атын Бұқа, бірінің атын Қөбір қойыпты. Екеуі ержеткен кезде бір коңыр бұқалары болып, үйде ол артылатын сиыр жоқ, қаңғып кете беріпті. Ол кеткенде бір тауды жатақ қылып, соған бара беретүғын болған соң, сол тау «Қоңырбұқа» атанипты. Басқа сиыр жоқ, өзі жалғыз бұқа болған соң, бір кесу білетүғын жан кез болған. Соған кестіріпті. Бұқаның ені жалғыз екен, оны:

— Мен пісіріп жеймін,— деп бірі айтыпты.

— Мен пісіріп жеймін,— деп бірі айтыпты.

Өзді-өзі тәбелесіп, айырып, арашалар кісі жок, бірін-бірі көргісіз болып, бірі Сырға, бірі қырға қашыпты. Бұқа қырға қарай қашып, жолдан бір катын килігіп, ерлі-байлы болып келе жатқанда жүртта қалған бір қара күшік еріп Сарыарқаға келіп, Бәсентін, Мандай, Бәйімбеттің малының өрісіне, балығы көп бір суға жатқ қылып, қамыстап кепе қылып жатып алышты. Қара күшік тәбет болып, бұларға түн болса тамақ тасыпты. Майды қарнымен, ірімшік-құртты боржамасымен әке-ліп, бұларды ас-су, тамактан тарықтырмапты. Малышы-құлшы көргендер елге айтып, Мандай, Бәйімбеттер әдейі келіп көріп:

— Сендер бүйтіп елсіз-күнсіз жатпандар. Елге келіндер, жылқының даяр қосы бар. Соны баспана қылып алышадар. Өзіміз жылқышыға жаңадан қос көтеріп аламыз,— деп елге алыш жүрді.

Қазактың ас-той деген мерекесі болады. Аска барайық деп жатырмыз, біздің басы артық ер-тоқымдарымыз, басы артық киімдеріміз болады. Қолыңа тигенді басы бүтін өзімдікі деп ал, өзімдікі деп ки,— деп атқа мінгізіп алыш жүрді. Аска бара жатып, Мандай, Бәйімбет мұны қайсысымыз қарабауыр қылып аламыз десіпті. Екеуміз екі бөлек түсейік. Атын қайсысымыздың мойнына байласа, байлау сол болсын десіпті. Бұл Бұқа барып түскен жерінде атын Маңдайдың атының мойнына байлан, Мандай меншіктеп, қара бауыр қылып алышты.

— Бұқадан — Майемер, Майемерден — Таусар. Бұлардың түпсіз-тексіз екендігі мынадай жағдайдан білінеді. Таусар өлгенде шулап жылайтуғын ағайын жок. Үш күн жаназасыз жатыпты. Қім болса, ол болсын, бір жолаушы:

— Мен жаназа шығару білемін деп, құран оқыпты. Сонда оқыған дүғасы мынау:

— Мұның тегі Бұқа еді,
Бұқа шабы жұқа еді.
Өзің-өзің, өзіңе,
Өзіндікі екі қара көзіңе!

Бар, Таусар, бара бер! Жаназанды кеше оқыған мен,— депті.

Таусар жаназасы Бәсентін ортасында күлкі болған, мұнан да әдемілеп айтушылар бар еді, өліп қалды.

Сол Таусардан алтау-жетеу туады. Біреуінің аты Рамазан, Рамазаннан туған Жақай. Жақай ахұн атап, ескі законда мұфти-хазіреттердің бір елге сайлап қойған ахұны болып, ак дегені алғыс, қара дегені қары болып тұрған күнде: байымен араз болып қашып барған қатындарды қазақта неке жоқ деп, пара алып, босатып жібере берген.

Жұртқа аты шыққан атакты бай уак Нұркін байдың кызы Зылиқаны Қасқыrbайдың Жақсыбайы алып қалыпты. Нұркін байдың бел баласы Түйте дуанбасы, Балтасы Семейде болыс... Кереку Баянаулаға караиды. Мұса дуанбасы, Секербай қазы. «Қазақта неке жоқ» деп Жақай ахұн бұрынғы байынан айырып, өзі некесін қызып Жақсыбайға қосқан Зылиқаның өлеңі:

Кигені Жақсыекемнің жасыл шапан,
Бір кезі бес тенгелік асыл шапан.
Арасын Омбы, Семей ойнақ қылған,
Бозбала қалай екен Зылиқа апаң.

Зылиқа жаңа піскен қызғалдақтай,
Омбының ауырыпты шайы жақпай.
Петербор, Омбы, Семей арасында,
Қыз тұмас әр қатыннан Зылиқадай.

Ар жақтан Секербай мен Мұса келсін,
Жақсыбай Қасқыrbаймен қоса келсін.
Некемді мен Жақайға қидырған соң,
Законды жаман уақ қайдан білсін.

Базардан алып келген тәуір кебіс,
Мұсаке-ау, айналайын маған болыс.
Балға ағам, Түйте ағаммен барып келген,
Жандарал Котковский қоймақ емес.

Тұсынан қара қала қайық салдым,
Дүшпанинан құтылдым деп көзіліме алдым.
Тас ауыр түскен жерге дегендей-ак,
Қолына Нұке мырза келіп қалдым.

Зылиқаның өлеңі деген өлең бір қиссадай еді.

Қазақта неке жоқ деп байынан қашып барған қатынды пара алып, босатып жібере берген соң кісі қазақ болып өспеген. Сол замандағы Мұса, Секербаймен замандас ақсақалдардың аузында әңгіме болған:

— Тұбі-тегі қазақ еместігі ғой,— деп.

Ырысбек, Манамбай деген ақсақал айтып отырады екен:

— Жаназасыз қалған Таусардан туған, коянға құрық жіберген жаман Рамазанның баласы-ай, Өзімнің үйдегі ақ өгізімді үрлап сойып, төлеу төлеген Жақай еді. «Әфтиектен алты қағаз оқыдым»,— деп, жүрттың төбесіне ойнектап кетті-ау деп атырады екен.

Ол сөзінің мәнінің Рамазан баласы Жақай жас бала құнінде қашып кетіп, Қөктеректе Олдан хазіретке қызымет қылып әфтиек оқып, оқығаны бойына майдай жұғып, құлағына тиген сөзді жатқа ұғып алдып, қазақ ішінде ол күнде молда бар ма, қожа бар ма? Жалғыз қара болып көзге түсіп, ауызға ілініп, жүрт орысқа алғаш қарап, дуан ашылғанда мұфти, хазіреттеріне ахұн сайланып, Жақай ахұн аты көтеріліп, кеткен «Қазакта неке жоқ» деп ногайдан болған указдармен қатындарды байынан айрып жібере берген соң, тамам дуанбасылар: бізге ногайдан шықкан мұфтидің указының керегі жоқ деп. Қазактың мұфтиден шығып қалғандығы осы. Соңан соң дуанбасылар Жақайдың өзінен құр жауап алған. «Қазакты Бұқар, Тәшкент қараңдар» деп азғырып, материал жиып жүр деп. Онысы да өтірік емес, Тәшкен Түркістанға кетіп бара жатқан жерінен ұсталып қалып, қыс ортасы кезде Баянаула қаласына алдып келген. Соңда біздің әкеміз Қөпей бір самаурын шай, бір табақ ет алдып барған. Біз өзіміз соңда оку оқығаннан басқа түк білмейтүғын баламыз. Соңда Жақай айтыпты деуші еді:

— Орыс барып ұстап алғанда басымда дағарадай сәлдем бар еді. Жиған-терген материалдарымды сәлдемнің астынан қабаттап орап алдып едім. Кәне, сәлдеме қол тигізші деп қарап тұрдым. Сәлдеме кол тигізе алмады. Қойны-қойшым, қалта-салталарымды тінітті, дәнeme таба алмады,— деп еді.

Закон бүйрығын Баянаулада жасап, Мұса, Секербайлардың көз алдында өз үйінен олай-былай шықпаска қолынан хат алдып, Баянауладан әтірет-солдатпен үйіне апарып, қайт деп жөнелтіпті.

Мұса, Секербай заманындағы қариялар айтатын:

— Жақай ахұнды коянға құрық жіберген жаман Рамазаннан осындай бала туушы ма еді? Бұл Қойсары Балтабай төренің баласы ғой,— деуші еді.

Қаржастың шын аты Олжакелді. Асықтың қаржауына түскеннен қаржас атанған. Уш баласы болған: Ал-

тынтаре, Құлыке, Бегім. Құлыкенің балалары: Ойымтөлі, Телітентік атанған. Бір аяғы ақсак, балдақпен жүреді екен. Бір күні Телітентік жылқы суғарғалы бір құдыққа барса, бір жас келіншек — қатын кір жуып отыр екен. Телітентектің тентек ойы ауып кетіп, тарпа бас салыпты. Сөйтсе ол қатын Бегімнің қатыны екен. Бегім өліп, бір баланың анасы болып, жесір қалғанда баласының аты Сатылған екен. Қатын буаз болып, буаздығы білінген соң, Телітентек басыбайлы қатындыққа алып, Арай туған. Сатылған да Арай да Телітентектің баласы болды. Соңан соң Телі бұл екі балаға бес-бестен он қатын алып берген.

Анайдың қалмақ қызы қатынанан — Жәдігер, қазақ қызы қатынанан — Нияз, сарт қызы қатынанан — Құл, Қозған... Сатылғаннан да бес бала болады. Жансары, Таңат, Коңыс, Мәмбет, Тілеуімбет.

Сатылғанның ең тұңғышы Тілеуімбет. Өзі тұңғышы болып, аты Тілеуімбет болса, онбайды. Бұл Тілеуімбеттен — Қожамқұл, Қошарбай. Біреуінен Тәстен, біреуінен Дулат. Жұрт бұларды Қарақалпақ деседі.

Тәстен, Дулат, Қарақалпақ үшеуі бір кісінің аты дейді. Екі кісіден естідім, бірі Қожан, Масақтың бегі, бірі Құдайбергеннің Жұсіпбегі.

Бұларың кім дегенге:

— Пұсырман, Сағын, Тоғайбай, Тоғалақтарды Бактыбайдың ұзын Жұмашы деседі. Айтушылардың айтуы: «Келін-кепшікшіл болып, дулата берген соң, «Дулат» атандып кеткен дейді.

Таңаттан — Батырбек, Аманбек, Таусар. Батырбектен — Өтеу, Жасқылыш, Таусардан — Қосағал, Қоске, Қожаберген, Қожамбәрді... Өтеуден — Найзабек, Ермек, Келдібек. Найзабектен — Үкібай би, Ермектен — Куандық, Еркебұлан. Куандықтан — Құдайберген, Еркебұлланнан — Жантым хажы.

Қожабергеннің сексен жасында таптырған баласын көрдік, аты Сексенбай еді.

Сатылғанның бел баласы — Коңыс, Мәмбет. Оның Коңысы Сарысадақ Коңыс атанған. Садақ тартымпаздығына мақтанам деп, «Ақтабан шұбырынды» жорғында бала-шағасымен қырылып қалған. Майлыйбай деген баласы о да қырғынға үшырап, екі немересі қалған: Есенаман, Жарқын. Есенаманы бұл күнге шейін бір ауыл, Жарқыннан — Бақыр, Қазан, Мұрынбай. Бұлардың үрпағын Жұман балалары дейді. Мұрынбайдан —

Коймас, мұнан Сұлтанбек, Сұлтанбектен — Ысмайыл, Эмірбек — Қартқожаның нағашылары.

Есенаман, Жарқынның моласы Шідертінің бойында, Қарайғыр шатында, Қаракесек Асан, Ордабай, Ақкісі моласының қасында. Олармен бірге Қостеннің бел баласы Қазыбайдың қарамоласы бар. Өзен жағында, ана дайдан оқшау көрініп тұрады. Қаракесек Қожантай та-
мы бар.

Қарайғыр кісі аты, уақтың бір атақты батыры екен деседі. Өтеу, Найзабек, Ермек үшеуінің моласы Қарайғыр шатындағы бір төбенің басында. Жанқылыш бала-
лары: Домбы, Жомбының көтеріп, апарып қойған тас-
тары бар. Бұл заманның арбасы көтере алмас, өгізі тарта алмас.

Күні кеше Ермек баласы Құдайберген марқұм бәрін гүлетіп айтып отыруши еді:

— Қаракесек Жолшора тамы Дағбаның сыртындағы Жайма ақөре деген жерде деп. Дағбаның сыртында, Шантимес, Ханқашты деген жерде Тіленші тамы, Алшы-
бай тамы бар деп. Дағбаның бауырында, Құрың деген жерде Қарашор Бақыл байдың қарамоласы бар... Шідер-
ті бойында Арай тамы бар, Жаман шатта қаракесек пәленше бар, Қожан да Қаракесек, Қара Шордың Шорынан. Қожан тентек атанған. Жарлықөлде Жарылғап, Қойсоймас, Жоламан бар деп. Ашы бойындағы Ақ-
молада қаракесек Арай тамын, Бертіс, Үкібай тамын, Ақ-
моланы үшеуін қалаған бір кісі. Қірпішінің қалыбын Алшынбайдың моласы Тоқсанбай шапқан дейді.

* * *

Шығарушы Аймауытов кітап болып баспаға басты-
рылған Қартқожа шежіресін сөйлейік:

— Қаржастан — Құлыке, Құлыкеден — Ойым. Ті-
лейдің Ойымынан Жанат, Жанаттан — Өтен, Баян. Бұл Баян жеті ағайынды. Біздің өңгеміз Жиделібайсын-
да қалдық. Біз сонаң келгенбіз деседі. Баяннан төртеу:
торала атты Досбол деген баласы қоныс қарап, жер
буған. Дағбада котыр қызылтау делінген тауды, Қара-
куыс деген жерді бәрінен бұрын келіп буғандықтан
Баян ұрым-бұтағы күні бұл күнге шейін сол жерді қо-
ныс қылған. Баянның Асан деген баласы есті тентек
емес, есер тентек болған:

— Сен жерді сұрағанға беріп, көрінгенге үлестіресің деп, әкесі Баянды көрмеймін деп, ант ішіп, Жиделібайсынға кетемін деп, Қызылтаудың сыртына, үш сала деген жерге барып отырып алған. Әкесі баласын сағынып, көремін деп барса, жонға шығып кетіп, етбетінен түсіп жатып алған. Соңан соң әкесі ыза болып:

— Мұндай баланың барынан жоғы жақсы,— деп, ту сыртынан өрт салдырған, өртеніп күйіп кетсін деп. Айналасының бәрі өртеніп, Асанның жатқан жері өртенбей, күймей аман қалған. Соны көзімен көргендер айран-асыр қалған. Асан:

— Мені мыналар жатқан жерімде өлтіріп тастайды екен,— деп, Жиделібайсындағы ағайыныма барам, со лай кетемін деп, салт атты, сабау қамшылы жалғыз басы қаңғып кеткенде, мұндағы үйін, мал-жанын жау шауып, тып-типыл қылышп кеткен.

Асан өзі төрт ағайынды болған. Өзінен төрт бала қалған. Бірі — Тогамбай, біреуі Төтенқара. Төтенқарадан үш бала, бірі Жанан. Жананнан — Қартқожа, өзімен туысқан бір ағасы өлген. Онаң бір бала бар. Өзі осы биыл 1927-інші қоян жылында отыз екі жаста. Жедітаудың бөлек желіндегі өзінде жел де бар. Асандікіндей күшті жын да бар.

БҮРЫНҒЫ ЗАМАННЫҢ АДАМДАРЫНЫҢ ҚАНДАЙ ЕКЕНІН ТАНЫТУФА СӨЙЛЕГЕН СӨЗ

Күлік баласы Тілеуімбет, мұнан туған Құнту, мұнан туған Жанайдар.

Бұл Жанайдар Абылай хан заманында жас бала, жүрт аузында «Жақсы Жанайдар» атанған.

Сол замандағы Инжарәй Шәріп ханы арқадағы Абылай ханға елші жіберген:

— Май қатығын тауып берсін,— деп. Сонда Абылай хан күлік Жәнке батыр биге кісі жіберген:

— Бір ауыз сөзіме жауапты түзу тауып берерлік жан тауып жіберсін,— деп. Сонда Жәнке батыр би өзінің сынына келгендіктен он төрт жасар бала — Құнту баласы Жанайдарды жіберген. Сонда Жанайдар Абылай ханға:

— Алдияр,— деп кіріп барғанда, отырғызбастан сұраған:

— Балам, май қатығы не болады? — деп. Сонда Жанайдар кідірместен жауап қайтарған:

— Бұрынғылар айтпап па еді, халық айныса хан түзейді, май айныса тұз түзейді. Халық қатығы ортасындағы ханы болады да, дүниедегі тәмәм тамақтың дәмін кіргізетүғын май қатығы тұз — дағы, тақсыр, деген.

Бұл сезден Абылай хан білгені: Бұқар ханының өзінен тұз сұратқандығын. Үш жүздің баласы қазактан түйе жидырып, қырық би және Жанайдарды атшы қылып қосып беріп, көп тұз тиеп жіберген. Барған қырық биді Бұқар ханы сыйласп күтті.

Қайтар кезі болғанда Бұқар ханы сұрады:

— Абылай артық па, мен артық па,— деп. Қырық би айтты:

— Сіздің тегіңіз де асыл, сіздің жерініз де асыл. өзініздің асылдығының Бұхардай шәнерде, алтын тақтың үстінде, сарыала алтынға малынып отырыс. Жеріңіздің асылдығы сіздің жерінізде етікпен намаз оқуға жарайды десті. Бұқардың ханы сұрады:

— Абылайдың осы отырғандарыныңдан басқа жіберген кісісі бар ма еді? — деп.

— Қоста бір атшы бала бар, он төртте,— дейді.

— Ендеше соны шақыр,— деді. Шақырып келді. Бұқар ханы айтты:

— Эй, балам, мен артық па, Абылай артық па? — деді.

Бала айтты:

— Абылай артық,— деді. Бұқар ханы:

— Абылай менен қалайша артық болады? — деді.

Бала айтты:

— Абылай атасы садағын сағымға көтерткен. Нұрдан пайда болған. Сіздің атаңыз Ақмаңғыт, Тоқмаңғыт. Біздің қазактың балалары ойнағанда: «Манғыт, аузына саңғыт», — деп ойнайды. Тұбі — тегің Манғыт жақсы болатұғын болса, ауызға ей деп алынбас еді.

— Балам, Абылайдың тұрған жері асыл ма, менің тұрған жерім асыл ма? — дейді.

— Сіздің өзіңізден Абылайдың өзі асыл, жеріңізден жері асыл. Сіздің жеріңіз асыл болатұғын болса, суды Самарқандан алдырып ішер ме едініз, тұзды Сарыарқадан сұратар ма едіңіз? Абылайдың тұрған жері — Сарыарқа, екі басса бір бұлак. Ағар сұы бал татиды, ак шабағы май татиды. Екі басса бір тұз. Бір үйінен бір үйі тұз сұрамайды,— дейді.

Бұхардың ханы сөзіне риза болғандықтан, қырық иге сыйлас бергені жалғыз балаға бергеніне тең болыпты.

Баланың «жақсы Жанайдар» атанған жері осы. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деген осы.

Бұл Жанайдар бір жақтан үйіне келсе, бәйбішесі бір еркек бала тауып, бесікке бөлеп жатыр екен.

— Қатын, қатын Қеудесін ақырын, бос тана гөр. Қеудесі толған Алланың зікірі екен,— депті. Сол баласының аты Өтеміс болды.

Өзін (Өтемісті — С.Д.) Жәңке батыр өмірінде үйге отырғызбапты. Уш жүздің ортасында болған бас қосыл-

ған жынға айданты да отырыпты. Қайда барса да шешендігімен сүнн сүтқылып алған келе береді екен.

Бір жын топта қуандықтан шықкан Байдалы би Жанайдардың сөзіне сөз тауып айта алмаған соң, кемітуге:

— Осы неменің әкесінің аты Құнту ма еді, Құнту ма еді,— депті. Сонда Жанайдар:

Ерім бар-ды ыңыршак,
Атым бар-ды тобышак.
Әкем аты Құнту болсын,
Құнту болсын,
Оның маган не керегі бар?
Ақылым бар бір құшак,—

деген екен.

Құдай ракмет кылсын «жаксы Жанайдарға».

* * *

Абылай хан Алатауга жорыққа бара жатып, қаракесек шашар деген елдің бір ұлы жын — асына кез болды дейді. Сонда ол аста ішкен мас, жеген ток, ерігіп тұрған Шашардың жел бастары аныз қылышты дейді.

— Ханның басындағы бөркін біреу қағып түсірсе, хан хандық қылып қандай қаһар қылар еді,— дескенде, Қаз дауысты Қызыбектің інісі Мөртандайлы балапан:

— Оны құры айтып қойғанша көру керек,— деп артынан барып андаусыз, абайсыз тұрғанда ханның басындағы бөркін шыбықпен қағып жерге түсіріпті. Хан қаһар да қылған жоқ, дәнeme деген де жоқ.

— Бүгін ішкен мас, жеген ток, кімде ес бар дейсін деп, хандық қылды. Жерге түскен бөрікті басқа алыш киүге жарамайды деп, қалған жерде қалсын деп, бөркін жерден алдырмады, жүре берді,— дейді.

Күндерден күндер өтіп, ол ұмыт болып кетіп, Қызылжар базарында қаракесек сүйіндіктің базаршысы көтеріле Қызылжарға базарлап баратұғын болып, көп базаршы барғанда, өкпесі — кегі баяғы бастан бөрікті қағып түсіргендік болып, Қаракесектен бір кісіні, төртуылдан бір кісіні ұстап алыш қалып, екеуін тірідей көрге салып таставды.

Сонда Қаракесектен алыш қалған кісісі Қаз дауысты Қазыбектің немересі Қазымбеттің баласы Жанай екен.

Төртуылдан алып қалған кісісі Ботақан екен. Абылай хан екеуін тірідей көрге салдырып, үйіне келді. Ханымы айтты:

— Төре, көп кешігіп қалдыңыз, қайдан келдіңіз? — дейді.

— Ботақанды тірідей көрге салдырып келдім,— дейді.

Ханымы айтты:

— Бұл орта жүзден бізге дым бүйірмаған екен. Шығарыңыз көрден Ботақанды,— дейді. Абылай бір кісінің жіберді.

— Көрден шықсын,— деп. Бұл кісі барып Ботақанға айтып еді. Ботақан:

— Шықпаймын,— деді.

Жіберген кісісі Абылайға қайтып келді. Ботақанның шықпаймын дегенін айтып келді. Абылайдың өзі келді, інінен тартып шық деп еді.

Ботақан:

— Өлгенде жататұғын көріме тірідей жаттым. Осы менің өлгенім, енді тірі болып жұрт көзіне көрінгеннен, өлгенім артық,— деп. Ыза бойына сыймай долданып, жүргенің басынан тарс етіп жарылып, өліп кетті,— дейді.

Бұл хабарды естіген соң, орта жұз намыстанды. Сол күнде Қазыбек өлген екен де, Қазыбек баласы Бекболат алпыс бестегі күні екен, Едігенің қыстауы Жақсы Далба — Қарағайлы бұлақта, Бекболаттың қыстауы Жаман Даңбада — осы күнгі батырдың Бейсені қыстап отырған жер екен.

Бекболат пен Едіге атқа мініп, бес мейрамды жиды дейді. Абылайды шабамыз деп, үш мың кісі жиылып, журуге бет түзепті. Сонда Бекболат пен Едіге күлік Жәнке батырға кісі жіберді дейді. Дудың алды болып, алдымызға түсіп жүрсін деп. Сонда күлік Жәнке батыр өзі жүрмеді, баласы Жанакты жіберді дейді:

— Ханың жаулаған қалмақ онбаган, ханың шапқан қара онбайды,— деген. Бекболат пен Едігеге сәлем де, Абылаймен жаарассын, арашашы бол,— деп, косты дейді.

Сонда мейрам болып атқа мінді. Үш мың кісі қол келді. Ішінде Алтай Жәнэтәлі батыр бар. Айдабол Олжабай батыр бар. Тағы сондай атақты батырлар бар деген соң, керей, уақ, үркіп ішке түсіп кеткен екен. Сонда үйде отырып Абылайдың ханымы айтады:

— Абылай хан, дәнеме білдіңіз бе?

— Не білейін,— депті.

— Білмесеңіз, Қаз дауысты Қазыбектің аруағын шақырып, баласы Бекболат атқа мінді: «Осыдан Абылайдың басын алмасам, қатынын ат көтіне салмасам, қара қазынын қак жармасам, әкем Қазыбектің аруағы өзімді үрсүн» деп қарғанып, атқа мінді. Ашулының алдында тұрма деген, көшіңіз, қара қазанды асулы бойымен жұртқа қалдырыныз. Өздері келер де, даяр асулы қазанға тамақ қылып ішер. Ішінен дәм таттық қой, не жазығы бар мұның деп жаруға көзі кимас, батылы бармас. Сонан соң, қара қазанын алдық қой деп, ашуы басылар да көнілі тынар. Сиыр атаулыны үш мың кісіге азық боларлық қылып жұртқа тастап кетіңіз, батылrary туын қандасын, мәре-сәре болып тамаққа тойынсын. Бір күн қарны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама деген бар ғой және аш атасын танымас деген де бар. Қарындары тойған соң, ақылдарына түсіп, сіздің хандығызыға, өздерінің қаралығына көзі жетіп тоқтар,— деген екен.

Абылай хан ханымының тілін алып, қара қазанды асулы бойымен жұртында қалдырып үш жұз сиыр да қалдырып Қекшетаудан үш күндік жерге үркіп барып отырды дейді.

Сонда көшкенін, үріккенін қайдан білсін, үш мың кісі Абылайдың көшкен жұртына келіп басып, Бекболат келіп ат үстінен асулы қазанға наизасын шаншып тұрып сөйлемді дейді:

— Уа жұртым — дейді — Абылай ханды құдай тек жаратқан жан емес. Қарандаршы үйден шыкқанда үш ойым бар еді. Абылайдың басын кесем-ау іә болмаса қатынын ат көтіне салсам-ау іә болмаса қара қазанын олжаласам-ау,— деп едім. Міне, енді қара қазанын асулы бойымен қалдырғаны — менің ойлаған ойымды әбден білгендігі. Қаша айтса да құдай артық жаратқан жан-ау. Енді мен сертіме жеттім, ана сиырды киратып сойындар, аппак майға тойындар. Туларынды қандаңдар. Елші жіберейік, құдай ұнатса жарасып жадырап қайтамыз,— деп, сөзді осыған қойды дейді.

Сол қазанды Бекболаттан соң Тіленші асканын көртеп жан сөйлемді. Тіленші биге Абылайдың қалмақ қатынының баласы Шама тәре қара нарға халы кілем жауып келіп, Қазыбектің әруағына байладым деп сұрап алып, қазан соның қолында қалды дейді.

— Қош, Бекболат пен Едіге Абылай ханға елшілікке орманшы ақсары Шотананы жіберді:

— Саған сөзді үйретейік пе, өзің сөйлеймісін,— дегенде, Шотана батыр айтты:

— Екеуің көп үйретсең, отыз ауыз сөз үйретерсін. Ол таусылған соң, не қылмақшымын. Аузынан не шыққанын қайтып келген соң, өздерің естірсіндер,— деп жүре беріпті.

— Шотана батырдың қалпы қандай кісі екенін айттып берейін:

Кызылтауда Шотана тасы деген тас бар. Шотана батырдың үйі сол тастың түбінде отырғанда қорадан екі өгізін тұнде ұры ұрлап кетіпті. Алакеуімнен түрегеліп, өгізді ұры алып кеткенін біліп, Шотана батыр тастың басына шығып айғай салыпты:

— Тастан кет менің өгізімді, атым Шотана, жердің тесігіне тығылсаң да қоймаймын,— дегенде, алған ұрылар Тұндіктің өзенінен асып барады екен. Артымыздан күүп келіп қалған екен фой деп қашқан екен.

Шотана батыр Абылай ханға барып, аман-есен қайтып, Бекболат пен Едігенің алдына келді.

— Не дедің,— дегенде айтқаны:

— Бекболат пен Едіге жіберді. Мейрам болып атка мінді. Уш мың кісі қол келді. Бұрынғы әулие өткен атабабамыз айтқан екен:

— Дүние бұзылса Бұхарға сияды, Бұхар бұзылса дүниеге сыймайды деген екен. Бұхарға сыймай жалаң аяқ, жалаң бүт келген сарт Сарыарқаға сыймайын деп жүр ме, Ботаканның құнын берсін. Жанайды байлаудан босатсын. Мың кісінің жолына жетім бастатқан тоғыздан берсін. Мың кісінің жолына мың ат, мың шапан берсін. Айыпты хан боламын десе, тұрысатын жерін айтсын, ұрысатын ерін айтсын. Айыпсыз хан боламын десе, хандығы жарай ма, карашы деген олақ емес пе? Олактың ойнағанына шыдай алмай құлаған жар неге пана болмақшы, дедім,— дегенде Бекболат сүйсінгеннен:

— Айтқан аузынан айналайын, сені көтеріп тапқан катыннан айналайын,— депті.

— Не дейді, не дейді дегенде:

— Ертең Жолдызектің бойына келсін. Екеуміз екі жағына түсейік дейді,— депті. Сонда Олжабай батыр:

— Мені бар ма деп сұрады ма? — депті.

— Сұрады, бар дедім,— дегенде:

— Енді ол сарт бізбен қарсыласып жауласуға жарамайды. Алтын қақпалақ қорғанды бұзатуғын жолда, сырым Малайсары да бар еді, шанышқылы Бердікожа да бар еді, тарақты Байғозы батыр да бар еді. Қақпасын қалайы мен қорғасынға мысты араластырып қүйған екен. Жалғызының колы батпаған. Сонда мен туымды Абылайға «мә» деп бере салып, қақпаны шапқылағанымда саз балшық пен жана илеген қамырға кіргендей кірген. Сонда Абылайдың түріне карасам, қалшылдаپ, дірілдеп тұр екен.

— Мына қаруын жа॑уласып кетіп өзіме жұмсаса, мынау жан шыдатпайды екен-ау деп үрейі ұшып кеткендігі сондай, бізбен қарсыласатын онда әруақта жоқ,— дедті.

Жолдыөзектің ар жағынан Абылай қолы келді. Атығай, Қарауыл, өзінің төлеңгітінен басқа бөтен дым жан жоқ.

Бер жағынан Бекболат, Едіге үш мың кісімен келіп еді. Самсаған сары қолдан бөлініп екі кісі келе жатыр. Ар жағынан біреуі Абылай, біреуі балта керей Тұрсынбай батыр келеді. Сонан соң, бұл жақтан Бекболат пен Едіге атқа мініп алдынан шықты. Сонда құлкениң Биікшесі оғын құралайдың көзінен тигізетуғын мерген екен. Мылтығының сирағын құрып, Абылайды нысанана байлап тұра қалды дейді. «Бұл сартты бірақ жоқ қылып тастайын» деп. Білтесін тұтатуға келтірмей Жәнке батыр баласы Жанақ жүгіріп келіп Биікше мергеннің колынан мылтығын жұлып алды.

Не қылып, не қойғанның бәрін Абылай көріп тұр. Ол жақтан екі кісі — бірі хан, бірі батыр. Бұл жатқан екі кісі — Каракесек, сүйіндіктің екі биі төртеуінің бас қосқан жеріне көлдененен Көтеш ақын барып, оларды сөйлетпей өлеңді гuletіп қоя беріпті:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдін,
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдін.
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ ордаңның қол келтірдін.

Абылай күйіп кетті салған қалан,
Мейрамға не еді сенің жапкан жалаң.
Жанайды дәл бүгін күн босатпасан,
Болады ертең жесір қатын-балан.

Сонан соң, кінәласқан да жоқ, айтысқан да жоқ. Ханы қарашасымен жарасып, бұл барғандардың не көніл-

дегісін қылыш, сөйтіп қайтарған екен. Сонда Абылай ұрапты:

— Мылтық құрған кім еді? — деп.

— Құрған Биікше мерген,— деген соң,

— Талай жорытқа бір торсықтан малта жесіп жүрген жолдас еді. Кісіні кісі жок жерде-ақ өлімге қия береді екен-ау,— депті. Оның мылтығының аузын қырсық бассын деп, мылтығының аузына бір түйе байлады,— дейді.

— Жүгіріп келіп ұстай алған кім? — дейді.

— Жәнке батыр баласы Жанак,— дейді.

— Тегін кісі Жәнке батыр бола ма? Олар құдай құйып қойғандай жаратқан шын би ғой. Баласын арашы болсын,— деп қосқан ғой.

— Ас берілгенде Жәнке батырдың босағасына түйе бастатқан тоғыз байлансын және қаралы үйге шашылған наизаны (жыл толғанда) жылын бергенде Жанак сындырысын, бір ат, шапан Жанактың өз жолы болсын,— деп.

«Абылай аспас сары бел» атқа ілінген жері осы екен.

Абылай «үш нәрсе арман болып, қолымнан келмей, құр ойымда кетті,— деген екен.— Бірі — ак боз аттың құнын ердің құны қылмадым. Мылтығын құралайдың көзінен өткізетүғын мергениң құнын екі ердің құны қылмадым. Бірі етікші мен ұстаның құнын қатын құны болсын деп бүйрек қылмадым...»

ҰЛБИКЕ

Ұлбике — ошақты, әкесі Жангелді де ақын, шешесі Жаңыл да ақын болған,

Ұлбикенің өзін жүн жеп жабағы тышқан бір байдың баласы қатындыққа алған екен. Қолына келін болып түскен соң: «өлең айтсаң көзінді жоғалтамын, қарашибізды батырамын»,— деп кояды. Жаман шірік иті үйде жок болған қарсанда бір той болып, ауыл-аймағымен, кайын ағалары «сені біз сабатпаймыз»,— деп тойға алып барып, тойдан қайтып келсе, иті келіп қалып «сені ме» деп кіжініп, отырған үстіне оқтай ұшырып, койдың бір қатқан санымен қақ бастан періп қалғанда, мұрттай ұшып, кете барыпты.

Жұрт жиылып қалды, төркіні де аралас-құралас екен, күн сұрады. Сонда төркініне таңдау берді. «Бидің билігіне бересің бе? Пайғамбардың шариғатына көнесің бе? Үй іші: «Пайғамбар шариғатына салдық» — деді. Сонда шариғат айтатұғын Күдері қожа екен. Айтқан шариғаты: «Өлер Ұлбике өлді, аяр да ас жоқ, тояр да ас жоқ. Мұны сойындар, өкпесін алып көріндер. Өкпесінде жазу жоқ болса, онда тойға бару, өлең айту әйел жиынына дұрыс емес, өзі кінәлі, бұған түк болмайды. Егер өкпесінде жазу болса, онда ғұзыр айтпаса ішін жарып кетеді. Үш кісінің құнын берсін. Сүйек құны, өнер құны, қара құн» Ұлбикені сойып, өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен. Қөрген жұрт ботадай боздапты. Қөзімен қөрген жұрт күйгендіктен, Бойтан серіні бас жетімі үшін құнына беріпті.

БӨЛТІРІК ШЕШЕН

Ұлы жұз үйсіннен Бөлтірік би шығыпты. Онымен замандас қырғыздың бір ханы бақ-күндес болып, қырғыздан пәлен шешен, түген шешен дегендерді алдырып, айтыстыра беретін сықылды. Бір күні қырғыз-қазактың бас қосқан жиылысында қырғыз-қазақ байлық айтысқанда, Бөлтірік би айтты дейді:

— Қырғыз шіркіннің байлығы сол, көшken сайын ошағын жұртына қалдырып көшеді ғой,— депті. Ол сөзінің мәнісі қырғыз ошақ алмайды, үш тасты ошақ қылышп, қазан асады, көшкенде ол тасты артып көше ме, жұртта қалмақ кой.

Қырғыз ханының жалғыз баласы жардан құлап, қарансуалып қалыпты. Бөлтірік: «Қырғыздың қожасы мен түк білмес бықсық байларына саба жиындар, ту бие алдың жүріндер, ханың баласына бата қылайық, көңіл айтайық»,— депті. Сонда байлар: «Саба жиярмыз, ту бие апарармыз, не деп көңіл айтамыз, дәнеме білмейміз»,— дегенде Бөлтірік би саба апаратын, ту бие апаратын байға: алдымен сен сөйле: «Жазғытұрғы кез, жаманшылық уақ қой, өйтіп-бүйтіп бір сабаны әрен толтырып алып келдік,— дейсін» депті. Хан сөзіне балқып сұлап жата кетер, сонда екінші біреуің айт: «Түйе шіркін мен төре шіркінің басы бір қисайған соң она ма»; оған тете біреуің: төре өлмегенмен көп бола ма, бірі қалса

да тек бола ма? — дегейсің, депті. Үшеуі үш сөзге ие болып, ұғып алдыбы. Қотеріле аттанып барып, сабаны үйге кіргізіп, хан алдына қойған соң, саба жиғаны ма-саттанып, «Алдияр, тақсыр, жазғытұры уақ, жаманшылық кез ғой, бір сабаны өйтіп-бүйтіп әрең толтырып әкелдік», — дегенде, баласы өліп, қарансуалып отырған хан жарылып кете жаздал, құлай кетті дейді. Онымен қоймай, екінші біреуі былшылдады, үшінші біреуі тағы сондай. Сонда Бөлтірік би:

— Ақку құсқа оқ тисе,
Қанатын суға тигізбес.
Ақсүйекке оқ тисе,
Қарашиба сырын білдірмес,— деген
Қотер, хан, басынды,
Мұңцайтпа елінді,
Бекем бу белінді,—

дегенде, хан күліп жіберіп, басын қөтеріп: «Мына ит-терді былшылдатып қойған сен екенсің ғой», — деген екен.

Бөлтірік қырғыздың ханына тағы бірде барғанда оған: «Тойға баратұғын апайларша ұзын-қысқалы киініп жүргенің қалай?» — деп қырғыздың ханы күліп-ти. Хан күлген соң үй тола отырған қырғыздың бәрі күледі ғой. Сонда Бөлтірік:

— Ой,-тақсыр-ай!
Ұл өскен соң ұл киеді,
Қыз өскен соң қыз киеді.
Бала-шагамен мен киемін деп,
Киімге таласайын ба?
Бір жакқа баарда солардың киімінің
Қай қолға түскенін кие саламын.
Ұзыны болса — қызыымдікі,
Қысқасы болса ұлымдікі.
Ұлы жок, қызы жок,
Ку бас болсам,
Киім табылмай ма? —

депті.

Қырғызда жан сөйлеспейтін, аламаннан озған Алаяқ деген ділмар бар екен. Хан Бөлтірікпен қағыстыруға сол шешенді алдырып, үйінде сақтапты. Бір қалын жиылыста Бөлтірік гүрілдеп сөйлеп отырғанда, қырғыз шешені:

— Ат жаманы сокпақшыл,
Адам жаманы тақпақшыл деген,—

депті. Онда Бөлтірік:

— Сөздің көркі мақал-ды,
Ердің көркі сақал-ды.
Сақалы жоқ көсeler,
Қасабалы тоқал-ды,—

дегенде, көсе ұялып қалып, тұра жөнеліпті. Сонда Бөлтірік:

— Қосені үйге кіргізбе,
Артын жерге тигізбе.
Кесірі жұғар кәпірдің,
Қуалап жүріп,
Құйрығын жерге сүйгізбе,—

деген еken. Құдай рақмет қылсын Бөлтірік биге, кісі болса осындай болсын!

ШАНЫШҚЫЛЫ БЕРДІҚОЖА

Абылай хан заманында шанышқылы Бердіқожа ба-
тырды жерге таласып кектесіп жүріп руы аздығынан өш-
тескен дүшпан — өсіп-өнген руы-туғаны көптігінен ұстап
алып өлтірейін деп жатқан еken:

Тұысқаны аз елдің ерлігі зая,
Тілеуқоры жоқ ердің енбегі зая.
Екіден кіші балам,
Ержеткен соң бәлем,
Қаратал Қояндыға қосынды тая,—

деген еken. Сол айтқаны айткандаи болып, екіден кіші, үшінші баласы ержетіп, ат арқасына мінген соң, әкесін өлтірген екі ағайынды неме еken, сол екеуінің бірін Қаратал Қояндыда өлтіріп, бірі қашып, «бұл Арқада бол-
сам, мені тірі қоймас» деп, Бұхар кеткен еken. Соны қоймай қуып барып, сол Бұхарда жүрген жерінде өлті-
ріпті. Бердіқожаның жоқтаған жоқтауында айтылған
екен:

Мінгені Бердекемнің қара алаяқ,
Жау, шіркін, кіселепті-ау аямай-ақ.

Бердіқожа батыр балаларын сынағанда былайша сыйайды екен. Үйелмелі-сүйелмелі үш баласы болыпты, бір-бірімен тетелес туған. Бір пышакты сабын жерге тіреп, ұшын жоғары қаратып, балаларына:

— Ана жақтан домалап келіп мына пышактың үстінен өтіндерші,— дейді екен. Үлкен екі баласы домалап келуін келіп, дәл пышакқа жақын келгенде, тайқып-жалтарып аунайды екен. Екіден соңғысы пышакпен жұмысы жоқ, жалтармай-бұлтармай аунайды екен. Пышакты өзі жалтартады екен.

Өзін жау өлтірерін білген соң, жолдасына айтқан екен:

— Жау жерінде қалдым фой, менің сүйегімді алдып кете алмассыңдар, бір бармағымды кесіп алды, маңайлае жерлеріңе көм де, соған там салып, «Бердіқожа та-мы» атандырыңдар. Мені есіне алғандар дұға қылып өтер,— деп.

Дағанделі өзенінің жағасына там салыпты, шошақ мола күні бүл күнгіше құламай түр деседі. Дағанделі өзені Қарқаралыға қараған елдің шетінде, Қекшетау, Дуана тауларынан көрініп тұрады,— дейді.

Жүргіншінің қара жолының үстінде, Жетісуға барғандар Қозы Қерпеш — Баян тамын көрдік, шанышқылы Бердіқожа батырдың тамын көрдік деседі.

Тауынның Арқар деген аты Құлжа,
Жігіттер атқа түйе тегін олжа.
Хан Абылай аттанады дегенді естіп,
Келіпті шанышқылыдан Бердіқожа! —

деген батыр осы!..

Қөпейұлы М. Ж.

К 68 Қазақ шежіресі.— Алматы: Жалын, 1993.— 76 б.

ISBN 5-610-01171-X

Колыңыздағы шарын шежірені Мәшінур Жүсіп Қөпейұлы көп жыл бойы халық арасынан, ел аузынан інжү-маржандай жиып-теріп қағаз бетіне түсірген екен. Сол еңбекті бүгінгі оқушыға жеткізуші — филология ғылымының кандидаты, акын Сәрсенбі Дәуітұлы. Халықтың өткенінен өзінше сыр шерткен шежіренің мән-мағынасы өзгеше екені даусыз, оның үстінен ара-арасында Мәшінур Жүсіптің ой өрістетіп, өз көңіл күйінен хабар беріп отырғаны да бір ғанибет.

Мәшіүр Жұсіп Қөпейұлы

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Редактыры — *К. Құдабаева*
Суретшісі — *Ә. Тілеулиев*

Көркемдеуші редактыры — *С. Макаренко*
Техникалық редакторлары — *Н. Күшнәрева, Л. Самойлова*

ИБ № 4841

Теруге 29.06.92 жіберілді. Басуға 14.11.92 қол қойылды. Қалпы
84×108^{1/32}. Қағазы № 2. Қаріп түрі «әдеби». Шығынды басылыс.
Шартты бояу көлемі 4,31. Шартты баспа табагы 3,99. Есентік
басылу табагы 3,95. Ұзын саны 40 000 дана. Тапсырыс 1056.
Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат
міністірлігінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай
даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат
міністірлігінің «KITAP» полиграфиялық қәсіпорындары өндіріс-
тік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы,
480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.

НОВАЯ ЦВЕНА

60

